| **Апта дәйексөзі:** | Білімді болу үшіноқу керек. Бай болуға кәсіп керек. Күшті болуға бірлік керек». | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | **Өнегелі-15 минут «Еңбек бәрін жеңбек»**<br>**Мақсаты:** Балаларға еңбек ету маңызын түсіндіру<br>«Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» мақалын түсіндіру<br>Ойын :<br>«Кім тез жинайды?»<br>– ойыншықтарды шашып, балалар бірге жинайды<br>– Кім көмектесті?<br>– Еңбек еткен оңай ма, қиын ба?<br>– Еңбекқор бала – жақсы бала.<br>**Күй күмбірі -** балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық | **Өнегелі-15 минут «Мамандықтар әлемі»**<br>**Мақсаты:** Әртүрлі мамандықтармен таныстыру<br>Суретпен жұмыс (дәрігер, мұғалім, құрылысшы)<br>Ойын: «Кім не істейді?»<br>– бала мамандықты айтып, қимылмен көрсетеді<br>Сұрақ:<br>– Саған қай мамандық ұнайды?<br>– Әр мамандық – маңызды.<br>**Күй күмбірі -** музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы | **Өнегелі-15 минут «Ұқыптылық жақсы жетістік»**<br>**Мақсаты:** Ұқыптылыққа тәрбиелеу<br>Практика:<br>– заттарды орнына қою<br>Ойын: «Дұрыс – бұрыс»<br>Талқылау:<br>– Ұқыпты бала қандай?<br>– Ұқыптылық – тәртіп.<br>**Күй күмбірі -** музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық | **Өнегелі-15 минут «Еңбек құралдары»**<br>**Мақсаты:** Құралдарды танып, қолдануды үйрету<br>Көрсету (қасық, сыпырғыш, қарындаш)<br>Ойын: «Қай құрал кімге керек?»<br>Сұрақтар<br>– Әр құрал – еңбекке көмектеседі **.**<br>**Күй күмбірі -** музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті | **Өнегелі-15 минут «Мен еңбекқор баламын»**<br>**Мақсаты:** Апта бойы алған білімді бекіту<br>Шағын тапсырма<br>– «Мен өскенде кім болам?» сурет салу<br>– Еңбекқорлық – табыс кілті.<br>**Күй күмбірі -** музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту. | эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. | мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. | түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **«Үлгі ең күшті тәрбие»**<br>Бала сізді қайталайды<br>Үйде өз ісіңізді сүйіп жасаңыз<br>Баланың көзінше жалқаулық танытпаңыз<br>«Мен істегім келмейді» деген сөзді азайтыңыз<br>Айтыңыз:<br>– «Мен жұмысымды жақсы көремін» | **«Кішкене тапсырма үлкен нәтиже»**<br>Баланы міндетке үйрету<br>Күнделікті шағын тапсырма беріңіз (ойыншық жинау, үстел сүрту)<br>Міндетті өзіңіз істеп қоймаңыз<br>Қате:<br>– «Қой, өзім тез істей салайын»<br>Дұрыс:<br>– «Сен жасай аласың, мен көмектесемін» | **«Мадақтау мотивация»**<br>Еңбекті бағалау<br>Нәтижені емес, еңбекті мақтаңыз<br>«Жарайсың, тырыстың!» деп айтыңыз<br>– Тек мінді көру<br>Дұрыс:<br>– Кішкентай жетістікті де атап өту | **«Таңдау беріңіз»**<br>Жауапкершілік қалыптастыру<br>Баладан сұраңыз:<br>– «Алдымен жинайсың ба, әлде сурет саласың ба?»<br>Таңдау арқылы бала өзін маңызды сезінеді | **«Болашақ туралы әңгіме»**<br>Кәсіби біліктілікке алғашқы қадам<br>Баламен мамандықтар туралы сөйлесіңіз<br>Ойын арқылы көрсетіңіз (дәрігер, аспаз)<br>Сұраңыз:<br>– «Сен өскенде кім болғың келеді?» |
| **Балалардың дербесәрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"Гүл дүкені" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсат-міндеттер:** түстерді ажырата білу, тез атау, басқалардың арасынан қажетті гүлді табу қабілеттерін бекіту; | **"Не қайда өседі?" дидактикалық ойыны.**<br>**Мақсат-міндеттер:** балаларды табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуге үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек:<br>**Ойыншықтарды тәртіпте ұстау:** жуу, кептіру, сүрту және орнына қою.<br>(еңбек дағдылары)<br>«Естідің бе?» дамытушы жаттығуы. | «Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе төсеніштерін дымқыл шүберекпен сүрту.<br>(еңбек дағдылары)<br>**Саусақ жаттығуы. «Тұқым себу».** | Ұлттық сезім күні<br>«Өнегелі тәрбие»<br>Еңбек: Күтушіге төсектерді салуға көмектесу.<br>(еңбек дағдылары)<br>Ойын-имитация (қимылды жаттығу)<br>"Жас қарағай".<br>Мақсат-міндеттер. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларды өсімдіктерді түсіне қарай топтастыруға, әдемі гүл шоқтарын жасауға үйрету. (қоршаған әлеммен таныстыру). | өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету. | Мақсат-міндеттер. Балаларға заттардың суретіне қарап, оларды дұрыс атауды және ауызша сипаттама беруді үйрету. Жаттығу суреттің мазмұнына байланысты түсініктерді пысықтау үшін өткізіледі. Жаттығу үшін балаларға таныс заттардың суреттері қолданылады. (тіл дамыту мен көркем әдебиет, қазақ тілі) | Ішіне топырақ толтырылған бір рет пайдаланатын кішкентай пластмасса ыдысты таратып береді. Алдыларындағы қорапшадан өсімдік тұқымын алып, ыдысқа отырғызуды ұсынады. Бұл өсімдіктер апат болған ғаламшардың ауасын тазартады. Педагогтің көрсетуімен кішкентай пластмасса ыдыстарға қорапшадағы тұқымдарды себеді. (қоршаған әлеммен таныстыру) | Балалардың ырғақты есту қабілетін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркем сөзді айта тұрып, ойыншықпен қимылдау, қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру. Құралдар: қарағайдың суреті.<br>Жас қарағай<br>Жас баладай<br>Қаз тұрды да, бойлайды.<br>Тауды аралай, тасты аралай,<br>Жүгіріп жел, ойнайды.<br>Ш. Мәмбетов<br>(тіл дамыту мен көркем әдебиет, дене тәрбиесі) |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Сағат**<br>Жалпы дамыту жаттығулары «Сағатты бұра». Аяқ сәл алшақ, қол екі жанда. Қолды шынтақтан бүгу, кеуде тұсында | **Сағат**<br>Жалпы дамыту жаттығулары «Сағатты бұра». Аяқ сәл алшақ, қол екі жанда. Қолды шынтақтан бүгу, кеуде тұсында айналдыру, | **Сағат**<br>Жалпы дамыту жаттығулары «Сағатты бұра». Аяқ сәл алшақ, қол екі жанда. Қолды шынтақтан бүгу, кеуде тұсында | **Сағат**<br>Жалпы дамыту жаттығулары «Сағатты бұра». Аяқ сәл алшақ, қол екі жанда. Қолды шынтақтан бүгу, кеуде тұсында | **Сағат**<br>Жалпы дамыту жаттығулары «Сағатты бұра». Аяқ сәл алшақ, қол екі жанда. Қолды шынтақтан бүгу, кеуде тұсында |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | айналдыру, бастапқы қалыпқа оралу. 6 рет қайталау. «Қоңыраулар тербелуде». Б.қ. аяқ сәл алшақ, қол белде. Оңға (солға)иілу, «тик-так» деп айту, бастапқы қалыпқа оралу. 6 рет қайталау. «Сағат бұзылды». Б.қ. аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, тізенің астынан шапалақтау, тұру. 5 рет қайталау. «Сағат жөнделді». Б.қ. бастапқыдай. Қолдарды алға-артқа тербелту, бастапқы қалыпқа оралу. 5 рет қайталау. Тыныс алу жаттығуы: **С.М.Иванов бойынша. «Сағаттар»** - екі аяқты бос ұстап, қолын жіберу; түзу қолдарын ілгері кейін қозғап «тик-так, тик-тик» - деп айту; мұрнымен демін ішке тартып, дыбыспен | бастапқы қалыпқа оралу. 6 рет қайталау. «Қоңыраулар тербелуде». Б.қ. аяқ сәл алшақ, қол белде. Оңға (солға)иілу, «тик-так» деп айту, бастапқы қалыпқа оралу. 6 рет қайталау. «Сағат бұзылды». Б.қ. аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, тізенің астынан шапалақтау, тұру. 5 рет қайталау. «Сағат жөнделді». Б.қ. бастапқыдай. Қолдарды алға-артқа тербелту, бастапқы қалыпқа оралу. 5 рет қайталау. Тыныс алу жаттығуы: **С.М.Иванов бойынша. «Сағаттар»** - екі аяқты бос ұстап, қолын жіберу; түзу қолдарын ілгері кейін қозғап «тик-так, тик-тик» - деп айту; мұрнымен демін ішке тартып, дыбыспен | айналдыру, бастапқы қалыпқа оралу. 6 рет қайталау. «Қоңыраулар тербелуде». Б.қ. аяқ сәл алшақ, қол белде. Оңға (солға)иілу, «тик-так» деп айту, бастапқы қалыпқа оралу. 6 рет қайталау. «Сағат бұзылды». Б.қ. аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, тізенің астынан шапалақтау, тұру. 5 рет қайталау. «Сағат жөнделді». Б.қ. бастапқыдай. Қолдарды алға-артқа тербелту, бастапқы қалыпқа оралу. 5 рет қайталау. Тыныс алу жаттығуы: **С.М.Иванов бойынша. «Сағаттар»** - екі аяқты бос ұстап, | айналдыру, бастапқы қалыпқа оралу. 6 рет қайталау. «Қоңыраулар тербелуде». Б.қ. аяқ сәл алшақ, қол белде. Оңға (солға)иілу, «тик-так» деп айту, бастапқы қалыпқа оралу. 6 рет қайталау. «Сағат бұзылды». Б.қ. аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, тізенің астынан шапалақтау, тұру. 5 рет қайталау. «Сағат жөнделді». Б.қ. бастапқыдай. Қолдарды алға-артқа тербелту, бастапқы қалыпқа оралу. 5 рет қайталау. Тыныс алу жаттығуы: **С.М.Иванов бойынша. «Сағаттар»** - екі аяқты бос ұстап, | айналдыру, бастапқы қалыпқа оралу. 6 рет қайталау. «Қоңыраулар тербелуде». Б.қ. аяқ сәл алшақ, қол белде. Оңға (солға)иілу, «тик-так» деп айту, бастапқы қалыпқа оралу. 6 рет қайталау. «Сағат бұзылды». Б.қ. аяқ сәл алшақ, қол төменде. Отыру, тізенің астынан шапалақтау, тұру. 5 рет қайталау. «Сағат жөнделді». Б.қ. бастапқыдай. Қолдарды алға-артқа тербелту, бастапқы қалыпқа оралу. 5 рет қайталау. Тыныс алу жаттығуы: **С.М.Иванов бойынша. «Сағаттар»** - екі аяқты бос ұстап, қолын жіберу; түзу қолдарын ілгері кейін қозғап «тик-так, тик-тик» - деп айту; мұрнымен демін ішке тартып, дыбыспен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | демін сыртқа шығарады.<br>Менің Қазақстаным таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру.<br>(дене тәрбиесі) | демін сыртқа шығарады.<br>Менің Қазақстаным таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру.<br>(дене тәрбиесі) | қолын жіберу; түзу қолдарын ілгері кейін қозғап «тик-так, тик-тик» - деп айту; мұрнымен демін ішке тартып, дыбыспен демін сыртқа шығарады.<br>Менің Қазақстаным таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру.<br>(дене тәрбиесі) | қолын жіберу; түзу қолдарын ілгері кейін қозғап «тик-так, тик-тик» - деп айту; мұрнымен демін ішке тартып, дыбыспен демін сыртқа шығарады.<br>Менің Қазақстаным таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру.<br>(дене тәрбиесі) | демін сыртқа шығарады.<br>Менің Қазақстаным таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру.<br>(дене тәрбиесі) |
| **Таңғы ас** | **Үнемді тұтыну мақсаты:** Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас | **Үнемді тұтыну мақсаты:** Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру.<br>**Көркем сөз**<br>Қолымызды жуамыз,<br>Асханаға барамыз<br>Асханаға барған соң<br>Тамақ ішіп аламыз.<br>**(көркем әдебиет)** | **Үнемді тұтыну мақсаты:**<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету.<br>Үстел басында | **Үнемді тұтыну мақсаты:** Су температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру.<br>**Көркем сөз**<br>Қолымызды жуамыз,<br>Асханаға барамыз<br>Асханаға барған соң<br>Тамақ ішіп аламыз.<br>**(көркем әдебиет)** | **Үнемді тұтыну мақсаты:** Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Көркем сөз<br>Сиқырлы ғой қасығым,<br>Жылдам жеймін асымды.<br>Міне тамақ, міне шай,<br>Тым асықпай, жеші жәй.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | | мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Көркем сөз<br>Сиқырлы ғой қасығым,<br>Жылдам жеймін асымды.<br>Міне тамақ, міне шай,<br>Тым асықпай, жеші жәй.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | | қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Көркем сөз<br>Сиқырлы ғой қасығым,<br>Жылдам жеймін асымды.<br>Міне тамақ, міне шай,<br>Тым асықпай, жеші жәй.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар). |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **Ойын:**<br>Айырмашылығын тап.<br>Мақсаты:<br>Математикалық конструктивтік ойлау дағдыларын, танымдық, интелектуалдық қабілеттерін дамыту. | **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**Еңбегі адал жас өрен,**<br>Ы.Алтынсарин Әке мен бала шығармсын әңгімелу<br>**Мақсаты:** шығарманы есте сақтауға, шығарма | **(Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс-әрекет)**<br>**Ойын:** Әмиян, Дүкен.<br>Мақсаты: есте сақтау қиялдауды, қолдың | **(Қарым-қатынас іс-әрекеті)**<br>**«Балалар кітапханасы»-жобасы** «Мақта қыз бен мысық сахналық қойылым Балаларды қол жетімді көркем | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер.<br>Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс- |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | мазмұнын дұрыс қабылдауға дағдыландыру, ата-анамен баланың қарым қатынасын нығайту | ұсақ маторикасын дамыту. | шығармалар мен театр әлеміне баулу | әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Арайлап таң атты<br>Алтын сәуле таратты,<br>Шашып бізге шапағын,<br>Тілейміз сізге ақ таңның,<br>Куанышын, шаттығын<br>Қайырлы таң!<br>Қайырлы күн!<br>**(тіл дамыту мен көркем әдебиет)** |
| **Кестеге сай ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.*<br>әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен,«жыланша», шашырап жүру<br>*Жүгіру.*<br>әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, | **Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.*<br>әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен,«жыланша», шашырап жүру<br>*Жүгіру.*<br>әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, | **Дене тәрбиесі**<br>Жалпы дамытушы жаттығулар.<br>Негізгі қимылдар:<br>*Жүру.*<br>әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен,«жыланша», шашырап жүру<br>*Жүгіру.*<br>әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, | **Қазақ тілі**<br>**«Ақ қайың».**<br>**Ағаштың құрылымы.**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Қазақ тіліндегі сөйлеуді қабылдауды, қайың туралы сұрақтарға жауап беруді үйрету; сөздердің аяқталуын еркелетуді | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | «жыланша», шашырап жүгіру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* Оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық)<br>*Секіру.*<br>заттарды айналып және заттардың арасымен секіру<br>Қимылды ойын: «Әжемнің жіп шумақтарын жинайық»<br>Барысы:<br>Бағытты өзгертіп жүруді, Шеңбер бойлап жүгіруді<br>Ойын кезінде қолдарынан ұстап жіп шумағына ұқсап ирек жолдармен жүрді, дөңгелене тұрады. | «жыланша», шашырап жүгіру;<br>*Еңбектеу, өрмелеу.*<br>Заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 сантиметр)<br>Қимылды ойын: *«Арбакеш атайға көмектесейік»*<br>Арбаның бағытына қарай тізгін құрып жүру<br>Тәрбиешінің нұсқауын, жаттығу кезіндегі ережені сақтауды,Ойын көліктер қимылын жасап, жақсы араластыруды үйренеді. | «жыланша», шашырап жүгіру;<br>*Домалату, лақтыру, қағып алу.* Оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық)<br>Қимылды ойын: «Әжемнің жіп шумақтарын жинайық»<br>Ойын кезінде қолдарынан ұстап жіп шумағына ұқсап ирек жолдармен жүреді, дөңгелене тұрады.<br>**Музыка**<br>**Ән айту:«Би қимылдары» әні**<br>**Міндеті:**<br>Балалардың билейтін музыкаға сәйкес би қимылдарын өз бетінше орындауына, таныс би қимылдарын ойындарда | білдіретін сөз тіркестерін үйлестіре отырып, қазақ тіліндегі өлең жолдарын анық айтуды, қимылдарды жолдардағы ырғақпен және әуен ырғағымен үйлестіруді үйрету. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қолдануына мүмкіндік беру. | | |
| **Серуенге дайындық** | **Еңбегі адал жас өрен,** «Мен дұрыс киіне аламын»<br>**Мақсаты:** өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау<br>«КИІМ РЕТТІЛІГІ»<br>Алдымен біз киінем,<br>Шалбар, кофта кием.<br>Сосын етік, күртеше,<br>Дайын болып жүрем!<br>Қимыл: киіну қимылдарын көрсету. | **Еңбегі адал жас өрен,** «Мен қалпағымды киемін »<br>**Мақсаты:** өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>«ӨЗІМ КИІНЕМІН»<br>Өзім киіп аламын,<br>Түймемді де саламын.<br>Мен үлкенмін енді,<br>Өзім бәрін жасаймын!<br>Қимыл: түйме салу, күртеше кию | **Еңбегі адал жас өрен,** «Мен дұрыс киіне аламын»<br>**Мақсаты:** өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>«ЖЫЛДАМ ЖӘНЕ ДҰРЫС»<br>Асықпаймын, шатаспай,<br>Киінемін дұрыс жай.<br>Жылдам, бірақ ұқыпты,<br>Дайын болам мен оңай!<br>Қимыл: асықпай дұрыс киіну. | **Еңбегі адал жас өрен,** «Мен қалпағымды киемін »<br>**Мақсаты:** өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>«ҰҚЫПТЫЛЫҚ»<br>Киімімді тастамай,<br>Орнына мен қоямын.<br>Ұқыпты бала боламын,<br>Тәртіпті боп жүремін!<br>Қимыл: киімді ілу | **Еңбегі адал жас өрен,** «Мен дұрыс киіне аламын»<br>**Мақсаты:** өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.<br>«ҚАУІПСІЗ СЕРУЕН»<br>Қатармен біз жүреміз,<br>Бір-бірімізді күтеміз.<br>Итермейміз, жүгірмейміз,<br>Тәртіп сақтап жүреміз! |
| **Серуен** | **№16Табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттер: балалардың жыл мезгілі туралы білімдерін бекіту; бақылау дағдыларын дамыту.<br>**Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек** | **№17 Жаяу жүргіншілер жолын бақылау.**<br>Мақсат-міндеттер: жолдың жаяу жүргінші бөлігі, жол ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** | **№18 Өтіп бара жатқан көліктерді бақылау.**<br>Мақсат-міндеттер: көлік түрлері туралы білімдерін бекіту, ересектердің жұмысына деген құрмет сезімін тәрбиелеу.<br>**Ересек адамдармен** | **№19 "Достар мен отбасылардың қауіпсіздігі", балабақша алаңында мақсатты серуендеу.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды учаскедегі тексеруге шақыру, болуы мүмкін қауіпті анықтау, | **№20 Бұлттарды бақылау.**<br>Мақсаты: әлемді тұтас қабылдаудың негізі ретінде жер мен көктің бірлігі туралы сананы қалыптастыруды жалғастыру.<br>**Ересек адамдармен орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **тапсырмалары** (құстарды тамақтандыру). **(еңбек дағдылары)** Мақсаты: **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Жапалақтар". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дәл орындауға, жеңіл қозғалуға, бүкіл ойын кеңістігін пайдалануға үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту, ырғақты қимылдарға машықтандыру.** "Мен секілді жаса". **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: мотористикаға дамыту, эмоционалды көңіл-күйлерін көтерілуге ықпал ету. | (кішкентай бұтақтарды жинау). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: еңбек етуді өз бетінше орындауға үйрету. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Ұстап ал" (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: балаларды ережелер бойынша ойнауға үйрету,ептілікті, батылдықты дамыту, ашық ойындарға деген қызығушылықты дамыту. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Жүгірейік". **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: жылдамдықты,ептілікті дамыту. | **орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары:** "Өзіңе жұмыс тап". **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: балалармен осы жұмыстың мақсатын талқылау, еңбекке деген құрметті қатынасты тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Дәл тигіз". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: нақтылықты,ептілікті дамыту, өзіне деген сенімділікті қалыптастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. | қауіпті жағдайлардың алдын-алу үшін не істеу керектігін талқылау. **Ересек адамдармен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары** (құстарды тамақтандыру). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер:құстарды тамақтандыру үшін орынды таңдауды, құстарды байқауға үйрету; балаларды құстарға қамқорлық жасауға шақыру. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Қу түлкі". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: балаларды жүгіруге жаттықтыру,ептілікті дамыту, дене белсенділігін арттыру. | (ауладағы бұтақтарды жинау). **(еңбек дағдылары)** Мақсат-міндеттер: нұсқаулыққа сәйкес және бірлесіп жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру, жалпыға бірдей жұмыс істеуге деген ұмтылысты тәрбиелеу. **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Сұңқар мен түлкі". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: ойын ережелерін айтуға, жүгіру кезінде негізгі қимылдарды дұрыс орындауға үйрету. **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Ең жылдам". **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: жылдам жүгіру кезінде жаттығу;ептілікті, физикалық қасиеттерді дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту:** "Нысанаға жет". **(дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: алға қозғалыспен балаларды екі аяқпен секіруге жаттықтыру. | |
| **Серуеннен оралу** | **Үнемді тұтыну мақсаты:** Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Серуеннен келеміз, Тыныш қана жүреміз. Итермейміз, шуламай, Тәртіп сақтап жүреміз! | **Үнемді тұтыну мақсаты:** Тамақтану алдында қолын жуу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап, ас ішу құралдарын пайдалана отырып тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту. Асықпаймын, шатаспай, Шешінемін дұрыс жай. Ұқыпты боп әрекет, Жылдам болам әрқашан! | **Үнемді тұтыну мақсаты:** Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Қолды жуып аламын, Таза болып қаламын. Сабынменен ысқылап, Микробтарды қашырамын! | **Үнемді тұтыну мақсаты:** Салқын сумен жуыну.Сүртіну. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жеуге үйретуді жалғастыру. Киімімді жинаймын, Шашпай, дұрыс қоямын. Өз шкафымды табамын, Ұқыпты боп боламын! | **Үнемді тұтыну мақсаты:** Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Күртешемді шешемін, Асықпай-ақ жасаймын. Бір-бірлеп шешіп алып, Орнына мен қоямын. |
| **Түскі ас** | **Үнемді тұтыну мақсаты:** Балаларды | **Үнемді тұтыну мақсаты:** Су | **Үнемді тұтыну мақсаты:** | **Үнемді тұтыну мақсаты:** Су | **Үнемді тұтыну мақсаты:** Балаларды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Көркем сөз Сиқырлы ғой қасығым, Жылдам жеймін асымды. Міне тамақ, міне шай, Тым асықпай, жеші жәй. (мәдени-гигиеналық | температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру. **Көркем сөз** Қолымызды жуамыз, Асханаға барамыз Асханаға барған соң Тамақ ішіп аламыз. **(көркем әдебиет)** | Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Көркем сөз Сиқырлы ғой қасығым, Жылдам жеймін | температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым шараларды өз бетінше жүргізуге дағдыландыру. **Көркем сөз** Қолымызды жуамыз, Асханаға барамыз Асханаға барған соң Тамақ ішіп аламыз. **(көркем әдебиет)** | сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Көркем сөз Сиқырлы ғой қасығым, Жылдам жеймін асымды. Міне тамақ, міне шай, Тым асықпай, жеші жәй. (мәдени-гигиеналық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дағдылар) | | асымды.<br>Міне тамақ, міне шай,<br>Тым асықпай, жеші жәй.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | | дағдылар). |
| **Күндізгі ұйқы** | **Еңбегі адал жас өрен,**<br>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. (музыка) | **Еңбегі адал жас өрен,**<br>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін ертегі тыңдайды. «Қоян мен кірпі» (көркем әдебиет) | **Еңбегі адал жас өрен,**<br>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды.<br>(музыка) | **Еңбегі адал жас өрен,**<br>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін ертегі тыңдайды.<br>«Үш аю» (көркем әдебиет) | **Еңбегі адал жас өрен,**<br>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. (музыка) |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.<br>Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау.<br>Ойын- жаттығу :<br>Бүгін жаттығу жаңаша<br>Қалмадық біз оңаша<br>Біздің балабақшада<br>Күнде осындай тамаша!<br>**(тіл дамыту, дене тәрбиесі- сауықтыру жұмысы)** | **Ояту**<br>Ұйқыдан біз тұрамыз,<br>Көзімізді ашамыз.<br>Жан-жағымызға қарап,<br>Достарымызға күлеміз. (1 мин)<br>**Ауыр тастар көтеру.**<br>Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп – түсіру. | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.<br>Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау.<br>Ойын- жаттығу :<br>Бүгін жаттығу жаңаша<br>Қалмадық біз оңаша<br>Біздің балабақшада | **Ояту**<br>Ұйқыдан біз тұрамыз,<br>Көзімізді ашамыз.<br>Жан-жағымызға қарап,<br>Достарымызға күлеміз. (1 мин)<br>**Ауыр тастар көтеру.** Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп – түсіру. | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру.<br>Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау.<br>Ойын- жаттығу :<br>Бүгін жаттығу жаңаша<br>Қалмадық біз оңаша<br>Біздің балабақшада<br>Күнде осындай тамаша!<br>**(тіл дамыту, дене тәрбиесі- сауықтыру жұмысы)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Күнде осындай тамаша! **(тіл дамыту, дене тәрбиесі-сауықтыру жұмысы)** | | |
| **Бесін ас** | **Үнемді тұтыну мақсаты:** Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. Тағамды асықпай жеу керек. Ас ішер алдында қолыңды жуу керек. | **Үнемді тұтыну мақсаты:** өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. Балалар алғыс айтып тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**. | **Үнемді тұтыну мақсаты:** Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. **Көркем сөз** Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | **Үнемді тұтыну мақсаты:** Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. Тағамды асықпай жеу керек. Ас ішер алдында қолыңды жуу керек. | **Үнемді тұтыну мақсаты:** өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. Балалар алғыс айтып тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті** | **«Математика негіздері,сөйлеуді дамыту,мүсіндеу** тәулік бөліктерін тану және атау - таңертең, | **Тіл дамыту мен көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Жер мен су" әңгімесін оқып беру.** | **Сурет салудан ойын-жаттығу "Гүлденген баубақша".** | **Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығу "Ағаштар мен** | **Қимыл-қозғалыс ойындары: "Дәл тигіз". (дене тәрбиесі)** Мақсат-міндеттер: |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | күндіз, кеш, түн **Математика негіздері** | **Мақсат-міндеттер.** Балаларға судың көктем мезгіліндегі жер мен ағаштарға тигізетін пайдасын әңгімелеу, көктемгі құбылыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру, диалогтар үлгілерін қалыптастыру. | **Мақсат-міндеттер.** Балаларды көлденең жатқан қағаз бетіне, төменгі түзу сызыққа қарындашпен бірнеше ағашты қатарға салуға үйрету; ағаш бұталары бойына мақта таяқшаларымен нүктелі жақпалар қойып, жаңа атып жатқан бүршіктерді салу амалына жаттықтыру. | **бұталар". Мақсат-міндеттер.** Балалардың ағаштар мен бұталар атаулары арқылы сөздік қорын молайту және тілін жетілдіру; ағаштар мен бұталарды бір-бірінен ажыратып, оларды атауда есте сақтауы мен ойлау қабілетін және зейіні мен байқампаздығын дамыту. | нақтылықты, ептілікті дамыту, өзіне деген сенімділікті қалыптастыру. Өзіндік еркін ойын әрекеттері, қозғалыстарды дамыту. |
| **Балалармен жеке жұмыс ертегісінің суретін қарау,** | **Тыныс алу жаттығулары "Түлкіні тап" ойыны. Мақсат-міндеттер:** тыныс алу жолдарын ретке келтіру және қалыптастыру. Біріңнің артыңнан бірің ақырын жүріп отырып, асықпай іздейміз, түлкіні тауып алған балалар қолдарыңды жоғары көтересіңдер! Педагог | Баламен еркін таңдалған, кез келген ертегінің кейіпкерлері, мазмұны жайлы әңгімелесу.<br>(тіл дамыту мен көркем әдебиет) | **"Шеберхана" үстел үсті ойыны. Балалар "шеберхана" сюжетті-рөлдік ойынын** ұйымдастырып, етік түрлерін жасап көрсетеді. Педагог дайын етік түрлерін және ою түрлерін таратады. (сөйлеуді дамыту мен көркем әдебиет, қоршаған | **Дидактикалық ойын. «Қасқырдан құтқар». Мақсат-міндеттер:** тіл байлықтарын арттыру, есте сақтау қабілеттерін жетілдіру. Балалардың назарын үстел үстіндегі ойыншықтарға (үй жануарлары мен | **«Түрлі-түсті гүл шоғы». Мақсат-міндеттер.** Балалардың эмоцианалды көңіл-күйін көтеру.<br>- Балалар біз, орман алаңымен келеміз деп елестетіңдер. Күн ашық, құстар сайрап жүр, самал жел соғып тұр. Өсімдіктердің хош иісін байқадыңдар ма? Біз орманда |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | балаларды осылай ынталандырып, ойын түрінде тыныс алу жаттығуларын өзімен бірге орындатады. (дене тәрбиесі) | | әлеммен таныстыру) | қасқырдың нақпішіндеріне) аударады. Әр үй жануарын қасқырдан құтқару үшін ол туралы өлең, жұмбақ, жаңылтпаш айту керектігін түсіндіреді. (тіл дамыту мен көркем әдебиет) | саяхаттамыз, мұнда түрлі-түсті гүлдер бар, ақ, қызыл, көк, сары т.б.. Гүлдерді жұлуға болмайды. Олар біз секілді өмір сүреді. Енді, сіздерге ұнаған гүлді таңдаңыз. Оның түсін, көлемін байқаңыз, естеріңе сақтаңыздар. Енді бізге кейін оралу керек. (әлеуметтік-эмоционалды дағдылар) |
| **Серуенге дайындық** | **Еңбегі адал жас өрен, "Тілалғыш түймелер мен баулар".** Мақсат-міндеттер: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер). **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | **Еңбегі адал жас өрен,** «Мен қалпағымды киемін » **Мақсаты:** өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | **Еңбегі адал жас өрен, "Тілалғыш түймелер мен баулар".** Мақсат-міндеттер: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер). **(мәдени-** | **Еңбегі адал жас өрен,** «Мен қалпағымды киемін » **Мақсаты:** өзіне өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | **Еңбегі адал жас өрен, "Тілалғыш түймелер мен баулар".** Мақсат-міндеттер: балаларда өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру, аяқ киімнің бауын тағуды үйрету, түймелеудің басқа түрлерін қолдануға жаттықтыру, (түймелер, жапсырғыштар, жүгіртпелер). **(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)** | | |
| **Серуен, Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, қимыл-қозғалысты ойындар және тағы басқа әрекеттер), серуеннен оралу** | **Ұлттық ойын- ұлт қазынсы: «Асық ату»**<br>**Мақсаты:** Берілген тапсырмаларды зейін қойып орындауға үйрету. Ойын арқылы балалардың қимыл іс - әрекетін дамыту.Балаларды ептілікке, мергендікке тәрбиелеу. | **Дербес қимыл Қимылды ойын:**<br>«Кімнің шары алысқа ұшады?»<br>**Мақсаты:** Дөңгелек жақ бұлшық етін дамыту, тыныш тұрған еріндер кезінде мұрынмен дұрыс тыныс алуын жаттықтыру. | **Қарым-қатынас іс-әрекеті) Қауіпсіздік ережесі Ойын: Бағдаршам** Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. | **Ұлттық ойын- ұлт қазынсы**<br>«Асық ату»<br>**Мақсаты:** ұлттық қимылды ойындар туралы түсінігін қалыптастыру..<br>**(дене тәрбиесі)** | **Баяу қимылды Қимылды ойын:**<br>«Не жүреді және ұшады?»<br>**Мақсаты:** Әртүрлі қимылдар жасауға машықтану, қимылдардың үйлесімділігін дамыту, зейін және есту анализаторларын, қол мен аяқ-қимылдарын дамыту. |
| **Серуеннен оралу** | **Үнемді тұтыну мақсаты:**<br>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру.<br>Серуеннен келеміз,<br>Тыныш қана жүреміз.<br>Итермейміз, шуламай,<br>Тәртіп сақтап жүреміз! | **Үнемді тұтыну мақсаты:**<br>Тамақтану алдында қолын жуу. Үстел басында ыңғайлы, дұрыс қалыпты сақтап, ас ішу құралдарын пайдалана отырып тамақтанудың мәдени гигиеналық дағдыларын дамыту.<br>Асықпаймын,<br>шатаспай, | **Үнемді тұтыну мақсаты:**<br>Асықпай педагогтің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру.<br>Қолды жуып аламын,<br>Таза болып қаламын. | **Үнемді тұтыну мақсаты:**<br>Салқын сумен жуыну.Сүртіну. Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтану кезінде аузын жауып жеуге үйретуді жалғастыру. | **Үнемді тұтыну мақсаты:**<br>Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру.<br>Күртешемді шешемін,<br>Асықпай-ақ жасаймын.<br>Бір-бірлеп шешіп алып,<br>Орнына мен қоямын. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | Шешінемін дұрыс жай.<br>Ұқыпты боп әрекет,<br>Жылдам болам әрқашан! | Сабынменен ысқылап,<br>Микробтарды қашырамын! | Киімімді жинаймын,<br>Шашпай, дұрыс қоямын.<br>Өз шкафымды табамын,<br>Ұқыпты боп боламын! | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **"Мозаика", "Лото" үстел үсті ойындары.**<br>**Мақсаты:** Ақыл-ой қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.<br>**(танымдық дағдылар)** | **«Заттарды салыстыру».**<br>**Мақсаты:**Балаларды заттар мен шамаларды салыстыра білуге үйрету. | **«Менің сүйікті ертегім»**<br>**(Жеті лақ)**<br>**Мақсаты:** Балалар суретке қарап ертегіні еске түсіріп айтып береді. (**көркем әдебиет).** | **«Сюжетті рөлдік ойын» «Шаштараз»**<br>**Шарты:** Тәрбиеші балаларға нұсқау береді. Балалар өздері тапсырманы түсініп өздігінен орындайды. | «Ғажайып көктем» фото көрмесін дайындау.<br>**Мақсаты:** баланың ұсақ қол маторикасын, зейінін дамыту.<br>**(Қоршаған әлеммен таныстыру)** |
| **Үйге қайту Өнегелі-15 минут** | "Отбасылық салт-дәстүр" атты тақырыпта әңгімелесу. | Әрбір баланың балабақшадағы тәрбиесі жайында сөйлесу. | Балалардың қабілеті жайлы ата-аналармен әңгімелесу. | "Бала бөлмесіне арналған гүлдер" атты ата - аналарға арналған кеңес. | "Гүлдер" атты тақырыпта көрме ұйымдастыру. |

*Тексерілді, әдіскер*_____

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**
**Білім беру ұйымы:** «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы
**Тобы:** «Құлыншақ» ортаңғы топ
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2026 жыл Сәуір/мамыр айы, V- апта **«Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы»**

| **Күн тәртібі** | ***Дүйсенбі 27.04.2026 ж.*** | ***Сейсенбі 28.04.2026 ж.*** | ***Сәрсенбі 29.04.2026 ж.*** | ***Бейсенбі 30.04.2026 ж.*** | ***Жұма 01.05.2026 ж. демалыс*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта дәйексөзі** | «Кәсіп, кәсіп түбі-нәсіп». | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | **«Өнегелі 15 минут»**<br>**«Еңбек – бәрін жеңбек» қарапайым тілмен түсіндіру:**<br>Еңбекқор адам – жалқау болмайды, ісін соңына дейін жеткізеді. Кез келге маман (дәрігер, мұғалім, құрылысшы) еңбексіз жетістікке жетпейді.Еңбек деген не?<br>Сен үйде қандай жұмыс істейсің?<br>Еңбек етсең не болады?<br>Ойын: «Кім тез?»<br>Балаларға ойыншықтарды тез әрі ұқыпты жинау.<br>Еңбек етсең ерінбей,<br>Тояды қарның тіленбей.<br>Ісің алға басады,<br>Жақсылыққа жетелей.<br>Еңбекқор бала – ақылды бала. | **«Өнегелі 15 минут»**<br>**«Мамандықтың бәрі жақсы»**<br>Әр мамандықтың қоғамға пайдасы бар екенін айту.<br>Қандай мамандықтарды білесің?<br>Кім болғың келеді?<br>Ол үшін не істеу керек?<br>Ойын: «Кім не істейді?»<br>(Суреттер арқылы: дәрігер емдейді, аспаз – тамақ пісіреді)<br>Дәрігер емдейді,<br>Аспаз дәм береді.<br>Ұстаз білім береді,<br>Барлығы еңбек етеді.<br>Әр мамандық маңызды.<br>**«Күй күмбірі»**, балаларды музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениет | **«Өнегелі 15 минут**<br>**«Еңбек түбі – береке»**<br>Еңбек еткен адамның еңбегі зая кетпейтінін түсіндіру.<br>Еңбек еткен адам қандай болады?<br>Жалқау адам ше?<br>Сен еңбекқор болғың келе ме?<br>Ойын: «Еңбек пен жалқаулық»<br>(Екі топ: еңбекқор және жалқау әрекеттерді ажырату)<br>Еңбек етсең –<br>жеміс бар,<br>Жалқаулықтан –<br>кеміс бар. | **«Өнегелі 15 минут**<br>«Кәсіби біліктілік деге не?»<br>Кәсіби біліктілік – өз ісіңді жақсы, дұрыс жә сапалы орындау.<br>Жақсы жұмыс істеу үш не керек?<br>Ұқыпты бала қандай болады?<br>Сен өз ісіңді қалай орындайсың?<br>Ойын: «Дұрыс жаса!»<br>(Балаларға қарапайым тапсырма: ойыншықты дұрыс қою, киімді реттеу)<br>Ұқыпты бол, жинақы,<br>Ісің болсын сапалы.<br>Жақсы істеп әр істі,<br>Боласың сен бақытты.<br>Істі дұрыс жасау – үлкө жетістік. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **«Күй күмбірі»**, балаларды музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. | түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. | Тырыссаң сен әрдайым, Жетістікке жетесің. Еңбек – табыс кілті.15 минут **«Күй күмбірі»**, балаларды музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру. | **«Күй күмбірі»**, балаларды музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыкан эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлтты мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылғын артыру | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **«Баланың еңбекке алғашқы қадамы – үйден басталады»** Балаға кішкентай болса да міндет беріңіз: ойыншық жинау, киімін реттеу, үстелге көмектесу. | **«Үлгі – ең күшті тәрбие»** Бала сізді бақылап өседі. Егер сіз еңбекқор болсаңыз – бала да сондай болады. «Істе» деп айтпаңыз, бірге істеңіз. Бала сөзден емес, әрекеттен үйренеді. | **«Мақтау – дамудың кілті»** Бала еңбегін міндетті түрде бағалаңыз. «Жақсы емес» демеңіз «Сен тырыстың, жарайсың!» деп айтыңыз | **«Мамандыққа қызығушылықты ерте оятыңыз»** Баламен мамандықтар туралы сөйлесіңіз: дәрігер, мұғалім, жүргізуші, аспаз. Не істеуге болады: Рөлдік ойындар ойнау «Сен кім болғың келеді?» деп сұрау Қарапайым тапсырмалар беру | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | Баланың қызығушылығын шектемеңіз. | |
| **Балалардың дербесәрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Иллюстрациялық суреттерді құрастыру Мақсаты:** "Бәріне ортақ мереке" тақырыбында иллюстрациялық суреттерді қарастыру. (тіл дамыту мен көркем әдебиет, қазақ тілі) | **"Өзара айырмашылығын тап" дидактикалық ойыны. Мақсаты:** суреттерді салыстыра отырып, айырмашылықтарын тапқызу; сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру | **Қонақ қай елден?" заттармен ойналатын ойын. Дидактикалық міндеті:** балалардың басқа ел тұрғындары туралы білімдерін бекіту; басқа ұлт өкілдеріне қызығушылықты, оларды құрметтей білуді, олардың өмірі туралы білуге деген тілекті тәрбиелеу. | **Үй құрылысының ретін көрсет". Мақсат-міндеттер:** түстерді ажыратуға жаттықтыру, ойлау қабілеттерін, қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту. | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **"Зырылдауық" жаттығуы.**<br>- Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, қол төмен.<br>- қолды екі жаққа созу.<br>- екі қолды кеуде тұсына әкеліп, бір-бірінен айналдырып, "р-р-р"деп айту.<br>- қолды екі жаққа созу.<br>- бастапқы қалыпқа келіп, "төмен"деу. | **"Зырылдауық" жаттығуы.**<br>- Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, қол төмен.<br>- қолды екі жаққа созу.<br>- екі қолды кеуде тұсына әкеліп, бір-бірінен айналдырып, "р-р-р"деп айту.<br>- қолды екі жаққа созу.<br>- бастапқы қалыпқа келіп, "төмен"деу. | **"Зырылдауық" жаттығуы.**<br>- Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, қол төмен.<br>- қолды екі жаққа созу.<br>- екі қолды кеуде тұсына әкеліп, бір-бірінен айналдырып, "р-р-р"деп айту.<br>- қолды екі жаққа созу. | **"Зырылдауық" жаттығуы.**<br>- Бастапқы қалып: аяқ сәл алшақ, қол төмен.<br>- қолды екі жаққа созу.<br>- екі қолды кеуде тұсына әкеліп, бір-бірінен айналдырып, "р-р-р"деп айту.<br>- қолды екі жаққа созу. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | - бастапқы кезде қолды ақырын айналдыру, біртіндеп жылдам айналдыру.<br>"Тізені шапалақтау" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қол артта.<br>1-2- оң тізеге (сол) еңкейіп, "шарт" деу.<br>3-4- бастапқы қалыпқа келу.<br>"Сипаттаймыз" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып отыру, қолды жанға қою.<br>- оң аяқпен сол аяқты тізеден, жоғары-төмен 3-4 рет сипау.<br>- 4-5 рет еркін тыныс алу.<br>"Өкшемізге қараймыз" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, аяқ бірге, қол белде (артта, иықта).<br>Менің Қазақстаным таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, | - бастапқы кезде қолды ақырын айналдыру, біртіндеп жылдам айналдыру.<br>"Тізені шапалақтау" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қол артта.<br>1-2- оң тізеге (сол) еңкейіп, "шарт" деу.<br>3-4- бастапқы қалыпқа келу.<br>"Сипаттаймыз" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып отыру, қолды жанға қою.<br>- оң аяқпен сол аяқты тізеден, жоғары-төмен 3-4 рет сипау.<br>- 4-5 рет еркін тыныс алу.<br>"Өкшемізге қараймыз" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, аяқ бірге, қол белде (артта, иықта).<br>Менің Қазақстаным таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, | - бастапқы қалыпқа келіп, "төмен"деу.<br>- бастапқы кезде қолды ақырын айналдыру, біртіндеп жылдам айналдыру.<br>"Тізені шапалақтау" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қол артта.<br>1-2- оң тізеге (сол) еңкейіп, "шарт" деу.<br>3-4- бастапқы қалыпқа келу.<br>"Сипаттаймыз" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып отыру, қолды жанға қою.<br>- оң аяқпен сол аяқты тізеден, жоғары-төмен 3-4 рет сипау.<br>- 4-5 рет еркін тыныс алу.<br>"Өкшемізге қараймыз" жаттығуы. | - бастапқы қалыпқа келіп, "төмен"деу.<br>- бастапқы кезде қолды ақырын айналдыру, біртіндеп жылдам айналдыру.<br>"Тізені шапалақтау" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып: аяқ иық деңгейінде, қол артта.<br>1-2- оң тізеге (сол) еңкейіп, "шарт" деу.<br>3-4- бастапқы қалыпқа келу.<br>"Сипаттаймыз" жаттығуы.<br>- Бастапқы қалып аяқты алшақ қойып отыру, қолды жанға қою.<br>- оң аяқпен сол аяқты тізеден, жоғары-төмен 3-4 рет сипау.<br>- 4-5 рет еркін тыныс алу.<br>"Өкшемізге қараймыз" жаттығуы. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру.<br>(дене тәрбиесі) | Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру. | - Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, аяқ бірге, қол белде (артта, иықта).<br>Менің Қазақстаным таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру. | - Бастапқы қалып: тізерлеп отыру, аяқ бірге, қол белде (артта, иықта).<br>Менің Қазақстаным таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру. | |
| **Таңғы ас** | **Үнемді тұтыну**<br>Гигиеналық дағдылар<br>**мақсаты:** Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. | **Үнемді тұтыну**<br>**мақсаты:** Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу.<br>Көркем сөз<br>Су-өмір жүрегі<br>Денсаулық тірегі.<br>Шөлдесең , қанасың.<br>Жуынсаң, тазасың.<br>(мәдени-гигиеналық дағдылар) | **Үнемді тұтыну**<br>Гигиеналық дағдылар<br>**мақсаты:**<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. | **Үнемді тұтыну**<br>Гигиеналық дағдылар<br>**мақсаты:**<br>Балаларды сыртқы келбетін бақылауға үйрету; сабынды дұрыс қолдануды, қолды, бетті, құлақты тазалап жууды, жуынғаннан кейін құрғатып сүртуді, орамалды орнына ілуді, тарақты және қол орамалды пайдалануды үйрету. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Көңіл-күйді анықтау»**<br>Ойынның мақсаты: мейірімділікке, жақын адамның көңіл-күйін көре білуге тәрбиелеу.<br>Педагог балаларға айналасындағы адамдарға көңіл бөлу керектігін түсіндіреді. Бір бірінің көзіне, бет-әлпетіне қарап, көңіл-күйді анықтауды ұсынады.<br>Балалар жұптасып, қолдарынан ұстайды.<br>Тәрбиеші оларға: «Тек көздеріңе қарап, бір-біріңнің қолдарыңнан ұстап, әр түрлі эмоцияларды үнсіз жеткізуге тырысыңдар: «Мен көңілсізбін, маған көмектес! Мен көңілдімін, кел ойнайық! Мен сенімен дос болғым келеді!» және т.б. деп айтады.<br>Балалар тапсырманы жұппен орындайды. Содан кейін балалар | **Шаттық шеңбері**<br>Мақсат-міндеттер. Балаларға эмоционалды жағымды көңіл-күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетіне мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу.<br>Көңілде көп қуаныш,<br>Әр көңілде жақсы үміт.<br>Келетін жылға мың алғыс,<br>Әкелген көп жақсылақ.<br>**(тіл дамыту мен көркем әдебиет)** | **«Мақтау сөздер айту»**<br>Ойынның мақсат-міндеттер: достық қарым-қатынасқа, әр адамның жақсы қасиетін көре білуге тәрбиелеу.<br>Қатысушылар шеңбер құрып отырады, ал бір бала шеңбердің ортасына отырады. Балалар оның мінез-құлқындағы жағымды қасиеттерін, қабілетін, сыртқы келбетінің тартымдылығын айтып, мақтайды.<br>**(әлеуметтік-эмоциониалды дағдылар)** | **«Достық көмек»**<br>Ойынның мақсаты: балаларды зейін қоюға, мейірімділікке, досына көмектесуге тәрбиелеу.<br>Тәрбиеші ойынның шартын түсіндіреді.<br>Балалар шеңберге тұрып, қолдарын артына қояды, тәрбиеші балалардың бірінің қолына «қауырсынды» тигізеді (бұл кез-келген құстың қауырсыны болуы мүмкін). Қолына қауырсын тиген бала өзінің арманы туралы айтады. Тәрбиеші қалған қатысушылардан осы арманды қалай іске асыруға болатынын ойластыруды және айтып беруді | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қандай эмоцияның берілгенін және қабылдағанын талқылайды. **(әлеуметтік-эмоциониалды дағдылар)** | | | сұрайды. **(адалдық әліппесі)** | |
| **Кестеге сай ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене тәрбиесі "Достық шеңберінде". Мақсат-міндеттер.** Балалардың сап түзеп бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтық сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; құрсауға секіруге және құрсаудан секіруге үйрету. | **Дене тәрбиесі "Достық күндей жарқырайды" Мақсат-міндеттер.** Балаларда еденге тігінен тұрған құрсаудан еңбектеу дағдыларын дамыту; қимылды ойындар арқылы әртүрлі бағыттарда жүгіру техникаларын жетілдіру. | **Дене тәрбиесі** Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар: Жүру. әртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен,«жыланша», шашырап жүру Жүгіру. әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; Домалату, лақтыру, қағып алу. Оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі-1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық) Қимылды ойын: «Әжемнің жіп шумақтарын жинайық» | **Қазақ тілі Бұл менің Отаным. Қазақстан. Мақсат-міндеттер.** Қазақстан туралы қазақ тілінде айтылған сөздерді тыңдауды және түсінуді; отан туралы ұғымды білдіретін сөздерді жаттауды; жаңа сөздерді жауаптарда қолдана білуді; | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | **:**Ойын кезінде қолдарынан ұстап жіп шумағына ұқсап ирек жолдармен жүреді, дөңгелене тұрады<br>**Музыка**<br>"Дауылпаз дабылы".<br>Мақсат-міндеттер. Балаларды жаңа әуенді тыңдау кезінде әннің сипатына сай ырғақпен денесін қозғалта білу қабілеттеріне үйрету; жәй және қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету; ырғақты қимылдарды | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету; биде жеңіл адыммен өзін айнала адымдауға және музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; қол саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету. | | |
| **Серуенге дайындық** | **Еңбегі адал жас өрен Киінудің реті**<br>Балалар, серуенге шығарда киімдерді дұрыс ретпен киеміз.<br>Алдымен күрте киемін,<br>Бас киімді ілемін.<br>Аяғыма етік киіп,<br>Серуенге мен дайын! | **Еңбегі адал жас өрен,**<br>Ұқыпты киіну<br>Киімімізді асықпай, ұқыпты киеміз.<br>Түймемді мен тағамын,<br>Бауымды да байлаймын.<br>Ұқыпты бала әрдайым,<br>Серуенге тез дайын. | **Еңбегі адал жас өрен,** Бір-біріне көмектесу<br>Досымызға көмектесу – жақсы қасиет.<br>Досыма мен көмектесем,<br>Қолғабысын берем мен. | **Еңбегі адал жас өрен, «Қауіпсіздік**<br>Серуенге шыққанда тәртіп сақтаймыз.<br>Қатар-қатар жүреміз,<br>Тәртіпті біз білеміз.<br>Тәрбиеші айтқан сөзді<br>Әрқашанда тыңдаймыз. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Бірге ойнап, бірге күліп,<br>Достықты біз сүйеміз. | | |
| **Серуен** | **№21 Күннің күркіреуін, найзағайды бақылау.**<br>Жұмбақтар.<br>Әуеден күбі түсті,<br>Күбінің түбі түсті.<br>(Күннің күркіреуі)<br>Жөңкейді бұлттар дүркіреп,<br>Жауады жауын күркіреп<br>Аспанның жүзі жарқ етті,<br>Ақ найза жерге сарт етті.<br>(Найзағай)<br>Бақылау.<br>Найзағайдың жарқылдауын бақылау, найзағай - бұл бұлт пен жердің арасында, бұлт арасында пайда болатын үлкен электр шашуы. Күннің күркіреуі әрбір найзағайдан соң болып отырады, одан кейін қатты жауынға | **№22 Бұлттарды бақылау.**<br>Жұмбақ.<br>Күнді жабады,<br>Жаңбыр болып жауады. (Бұлт)<br>Бақылау.<br>Табиғат құбылыстары жайында білімдерін кеңейту, бұлттарды салыстыру. Бұлттар формалары бойынша әртүрлі, өзгермелі. Жеңіл, түссіз бұлттардың уақыт ара үлкейіп немесе кішірейіп тұратынын айту. Балаларды жаңбырлы күнгі бұлт пен басқа кездегі бұлтты айыруға үйрету.<br>Қимылды ойын.<br>«Құстар мен мысық».<br>(дене шынықтыру)<br>Санамақ арқылы мысықты таңдап алу, белгі немесе дабыл арқылы қимылдау. Өз бетінше тапсырманы | **№23 Кемпірқосақты бақылау.**<br>Жұмбақ.<br>Аспанда әсем белбеуді,<br>Алып белге буынсам.<br>(Кемпірқосақ)<br>Бақылау.<br>Балалармен кемпірқосақтың құбылысын бақылау.<br>Оның қай кезде пайда болатынын айту, қарау және олардың түстерін айту. Табиғат құбылыстарының сұлулығына сүйіспеншілікпен қарау.<br>Қимылды ойын:<br>«Түрлі-түсті автомобильдер».<br>(дене шынықтыру)<br>Түстерді білу, білімін түйіндеу, балаларды дыбысқа | **№24 Балықтарды қадағалау.**<br>Көркем сөз.<br>Ақ балық-ау, ақ балық!<br>Қармағымды қап, балық!<br>Жұмбақ.<br>Аузы бар, тілі жоқ,<br>Терісі бар, жүні жоқ.<br>Тірегі бар, ізі жоқ,<br>Қанаты жоқ ұшпайды<br>Су астында қыстайды. (Балық)<br>Бақылау. Судың астындағы балықтардың өмірі туралы мәлімет беру (ұстаған балықтың қабықты, жіңішке денесін «талқылап», жүзу қанаттары және құйрығы туралы, олардың төмен, жоғары және бағыттарын жиі ауыстыратыны | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | ұласады, табиғат жанданады, ауа тазарады, ал өсімдіктер тазаланады және жарқырайды. Қауіптен құтылу үшін, күннің күркіреуі кезінде балаларға өздерін қалай ұстау керек екенін түсіндіру керек. Қимылды ойын: «Бір аяқпен секіру эстафетасы»( тәжік халқының ойыны). (дене шынықтыру) Сап түзеп, екі топқа бөліну. Бір-біріне эстафетаны тапсыра отырып, бір аяқпен секіріп, қуып жетуге үйрету. Сыпайылықпен, тартысты әділ шешуге тәрбиелеу. Еңбек. Тотықұс үшін бақажапырақ тұқымын жинау. (еңбек дағдылары) Тотықұсты тамақтандыру үшін тұқымды өз бетінше жинауға тәрбиелеу. | орындауға үйрету, шапшаңдық пен белсенділігін арттыру. Еңбек. Бақшадағы жұмыс. (еңбек дағдылары) Өсімдіктерді қопсыту. Өсімдіктерді күтуге баланың қатысуын қадағалау. Өзіндік жұмысқа тәрбиелеу, бастаған істі аяғына дейін жеткізу, өсімдіктерге деген махаббат пен белсенділікті арттыру. Өз бетімен ойындар. Велосипед тебу. (дене шынықтыру) Велосипед тебуді үйрету, тепе-теңдік сақтау. Балаларға белгілі бір іс-әрекетті ұйымдастыруға көмектесу, сол іс-әрекеттен жағымды әсер алуға көмектесу. | сай қозғалуға үйрету. Балаларды жолдастарымен достық қарым-қатынаста болуға тәрбиелеу. Еңбек. Табиғат бұрышындағы жұмыс. (еңбек дағдылары) Балаларды бөлме гүлдерін күтуге үйрету: жапырақтарын сүрту, су бүрку. Өз бетімен ойындар. Асфальтқа бормен сурет салу. Асфальтта сурет салуға балалардың көңілдерін аудару, өзінің ойыншықтарымен ойнауға, бір-бірімен тіл табысу дағдыларын арттыру. | жөнінде айту. Кішкентай балықтар – уылдырықтардан шыққан балықтар. Оларды дұрыс тамақтандыруға үйрету, өзенге, табиғатты аялауға тәрбиелеу, көпірде тұрған кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Қимылды ойын. «Көпірдегі лақтар». (дене шынықтыру) Өз бетінше ойынды ойнату, физикалық сапасын, шапшаңдығын,ептілігін дамыту. Еңбек. Табиғат бұрышындағы жұмыс. (еңбек дағдылары) Балықтарды тамақтандыру. Аквариумға су құю. Балықтарды тамақтандыру әдісін бекіту, балықтарды байқау. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Табиғат бұрышында мекендеушілерге жақсы қарым-қатынаста тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар. Әр балаға оларды қызықтыратын ісімен айналысуға мүмкіндік беру. | | | Тапсырмаларға жауапты болуға тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар. Балаларды құрастыру ойынына қажетті заттарды жинастыруға, ойында табиғи заттарды қолдануға үйрету. | |
| **Серуеннен оралу** | **Еңбегі адал жас өрен** Өз-өзіне қызмет ету Әр бала өз киімін өзі жинап үйренеді. Бұл – еңбек. Өз киімім – өзімде, Жинаймын мен тезінде. Еңбекқор бала әрқашан Ұқыпты жүр өзінде. | **Еңбегі адал жас өрен,** Бір-біріне көмектесу Досымызға көмектесу – жақсы әдет. Досыма қол беремін, Көмек беріп жүремін. Бірге еңбек етсек біз, Достығымыз күшейер. | **Еңбегі адал жас өрен** Тазалық сақтау Серуеннен соң қолымызды жуамыз. Тазалық – денсаулық кепілі. Қолды жуып аламыз, Таза болып қаламыз. Тазалықты сақтасақ, Денміз сау болады. | **Еңбек – қуаныш** Еңбекқор бала әрқашан үлгілі болады. Еңбек етсек ерінбей, Жақсы бала боламыз. Тәртіп сақтап әрдайым, Үлгілі боп өсеміз. | |
| **Түскі ас** | **Үнемді тұтыну мақсаты:** Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды | **Үнемді тұтыну мақсаты:** Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды үгітпеу, тамақты | **Үнемді тұтыну мақсаты:** Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды | **Үнемді тұтыну мақсаты:** Үстел басында мәдениетті тамақтану дағдыларын қалыптастыру: ас қасық пен шәй қасықты, шанышқыны, майлықты дұрыс қолдану; нанды | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Көркем сөз Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Көркем сөз Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Көркем сөз Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | үгітпеу, тамақты ауызды жауып, шайнау, ауызды толтырып сөйлемеу. Көркем сөз Су-өмір жүрегі Денсаулық тірегі. Шөлдесең , қанасың. Жуынсаң, тазасың. (мәдени-гигиеналық дағдылар) | |
| **Күндізгі ұйқы** | **Еңбегі адал жас өрен,** Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. (музыка) | **Еңбегі адал жас өрен,** Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін ертегі тыңдайды. «Қоян мен кірпі» (көркем әдебиет) | **Еңбегі адал жас өрен,** Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. (музыка) | **Еңбегі адал жас өрен,** Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. (музыка) | |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары** | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау. Ойын- жаттығу : Бүгін жаттығу жаңаша Қалмадық біз оңаша | **Ояту** Ұйқыдан біз тұрамыз, Көзімізді ашамыз. Жан-жағымызға қарап, Достарымызға күлеміз. (1 мин) **Ауыр тастар көтеру.** Алақанды жұмып, қолды жартылай | Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жол бойымен жүру. Білімді кеңейту және мәдени-гигеналық дағдыларды орындау. | **Ояту** Ұйқыдан біз тұрамыз, Көзімізді ашамыз. Жан-жағымызға қарап, Достарымызға күлеміз. (1 мин) **Ауыр тастар** | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Біздің балабақшада Күнде осындай тамаша! **(тіл дамыту, дене тәрбиесі- сауықтыру жұмысы)** | көтеріп – түсіру. | Ойын- жаттығу : Бүгін жаттығу жаңаша Қалмадық біз оңаша Біздің балабақшада Күнде осындай тамаша! **(тіл дамыту, дене тәрбиесі- сауықтыру жұмысы)** | **көтеру.** Алақанды жұмып, қолды жартылай көтеріп – түсіру. | |
| **Бесін ас** | **Үнемді тұтыну мақсаты:** Ас мәзірімен таныстыру. Балалардың назарын тағамға аудару, олардың адам денсаулығына пайдасын айту,тамақтарын реттілігімен тауысып ішуге қалыптастыру. Тағамды асықпай жеу керек. Ас ішер алдында қолыңды жуу керек. | **Үнемді тұтыну мақсаты:** өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. Балалар алғыс айтып тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**. | **Үнемді тұтыну мақсаты:** Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру, тамақтану, жуыну кезінде қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру. **Көркем сөз** Микробтар қаскүнем, Көрмесем де білемін. Ішер кезде асты мен, Қолды жуып жүремін. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)** | **Үнемді тұтыну мақсаты:** өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. Ас ішкенде күнде біз, Сөйлемейміз, күлмейміз Астан басқа өзгені, Елемейміз, білмейміз. Балалар алғыс айтып тамақтануға кіріседі. **(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)**. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Тіл дамыту мен көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Қазақтың туыстық атаулары". Мақсат-міндеттер.** Балаларды қазақтың туыстық атауларымен таныстыра отырып, әр туыстық атаудың мазмұнын түсіндіру және мәнін ашу; шығарманың қазақтың ұлттық ерекшелігінен туындағанын түсіндіре отырып, шығарманың мазмұнын, мұқият тыңдай білуге үйрету және жаттату. | **Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Өз орнымызды тауып алайық". Мақсат-міндеттер.** Балалардың кеңістікті бағдарлау қабілетін қалыптастыру, қағаз бетін бағдарлау іскерлігін жетілдіру; өз денесіне қатысты кеңістікті қабылдауға үйрету, сол жақ, оң жақ, алдында, артында тұрған баланы айту арқылы бағдарды ажыратуға үйрету; көз мөлшерін, зейінді, ақыл-ойды, есте сақтау қабілетін дамыту. | **Сурет салудан ойын-жаттығу "Зәулім үй". Мақсат-міндеттер.** Баланы тіке жатқан қағаз бетінде тіктөртбұрышты үй бейнесін салуға үйрету; салынған үйдің сұлбасын қылқаламмен жақпалау арқылы терезелер қатарларын салуда машықтау**.** | **Сурет салу, Жапсыру Ойын:** «Көктемгі алаңғай» (ұжымдық жұмыс) **Міндеті**: Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету: жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу. | |
| **Балалармен жеке жұмыс ертегісінің суретін қарау,** | **Саусақ жаттығуы.** "Достық" Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді). Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу) | **"Достық" тақырыбында әңгімелесу.** Мақсат-міндеттер: баланың сөздік қорын достық сөзі білдіретін жаңа сөздермен толықтыру. **(тіл дамыту мен көркем әдебиет, қазақ тілі)** | **Жаңылтпаштар жаттау.** 1. Топ бала, топ бала Ойнап жүр, топтала. Зымырап допты ала, Қуады көп бала. 2. Омар томар алар, Орал орақ орар. | **«Достық» өлеңін жаттау.** Ортақ мекен жер шары, Төбемізде бір аспан. Барлық ұлттық баласы Достығымыз жарасқан. Ортақ бізге бір | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Бір, екі, үш, төрт, бес. (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу) Қайтадан санауды бастаймыз. Бір, екі, үш, төрт, бес. Енді санауды аяқтадық ( қолды төмен түсіреміз, демалтамыз). **(тіл дамыту мен көркем әдебиет)** | | 3. Қырда қырау Қызыл ала бұзау. **(тіл дамыту мен көркем әдебиет)** | Отан, Ортақ жердің байлығы Еңбек ортақ, жыр ортақ, Ортақ бізге барлығы. Е.Елубаев **(тіл дамыту мен көркем әдебиет)** | |
| **Серуенге дайындық** | **Еңбегі адал жас өрен Киінудің реті** Балалар, серуенге шығарда киімдерді дұрыс ретпен киеміз. Алдымен күрте киемін, Бас киімді ілемін. Аяғыма етік киіп, Серуенге мен дайын! | **Еңбегі адал жас өрен,** Ұқыпты киіну Киімімізді асықпай, ұқыпты киеміз. Түймемді мен тағамын, Бауымды да байлаймын. Ұқыпты бала әрдайым, Серуенге тез дайын. | **Еңбегі адал жас өрен,** Бір-біріне көмектесу Досымызға көмектесу – жақсы қасиет. Досыма мен көмектесем, Қолғабысын берем мен. Бірге ойнап, бірге күліп, Достықты біз сүйеміз. | **Еңбегі адал жас өрен, «Қауіпсіздік** Серуенге шыққанда тәртіп сақтаймыз. Қатар-қатар жүреміз, Тәртіпті біз білеміз. Тәрбиеші айтқан сөзді Әрқашанда тыңдаймыз. | |
| **Серуен, Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, қимыл-қозғалысты ойындар және тағы** | **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы»** Атбақыл Мақсат-міндеттер. Ойлау, еске сақтау, сөйлеу, көзбен мөлшерлеу, көздеу, | **«Мысығым» тақпағын сахналау. Мақсат-міндеттер:** балаларға «Мысығым» тақпағын қызықты сахналауға, эмоционалды көңіл | **«Ұлттық ойын - ұлт қазынасы» Әуетаяқ Мақсат-міндеттер**. Ойлау, сөйлеу, қимылептілігі, көздеп ату қабілетін | **«Сыпайы өтініш» Ойынның мақсаты:** балаларды мейірімділікке, зейінділікке тәрбиелеу. Балалар шеңберге | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **басқа әрекеттер), серуеннен оралу** | қимыл ептілігін дамыту; ойын ережесін түсініп әділ ойнауға тәрбиелеу. | күйді білдіруге, сөздерді түсініп сөйлеуді, мәтіндегі таныс сөздерді айтуды, сюжет бойынша ым-ишара білдіруді; сұрақтарға жауап беруге тәрбиелеу. | дамыту; ереже бойынша ойнауға, бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу. | тұрады. Педагог түрлі бұйрықтар береді, мысалы, қолды жоғары көтер, қолыңды шапалақта, көзіңді жұм және т.б., бірақ «мархабат» сөзі айтылған өтініштерді ғана орындау керек. **(әлеуметтік-эмоционалды дағдылар)** | |
| **Серуеннен оралу** | **Еңбегі адал жас өрен**<br>Өз-өзіне қызмет ету<br>Әр бала өз киімін өзі жинап үйренеді. Бұл – еңбек.<br>Өз киімім – өзімде,<br>Жинаймын мен тезінде.<br>Еңбекқор бала әрқашан<br>Ұқыпты жүр өзінде. | **Еңбегі адал жас өрен,**<br>Бір-біріне көмектесу<br>Досымызға көмектесу – жақсы әдет.<br>Досыма қол беремін,<br>Көмек беріп жүремін.<br>Бірге еңбек етсек біз,<br>Достығымыз күшейер. | **Еңбегі адал жас өрен** Тазалық сақтау<br>Серуеннен соң қолымызды жуамыз.<br>Тазалық – денсаулық кепілі.<br>Қолды жуып аламыз,<br>Таза болып қаламыз.<br>Тазалықты сақтасақ,<br>Деніміз сау болады. | **Еңбек – қуаныш**<br>Еңбекқор бала әрқашан үлгілі болады.<br>Еңбек етсек ерінбей,<br>Жақсы бала боламыз.<br>Тәртіп сақтап әрдайым,<br>Үлгілі боп өсеміз. | |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | **Кітап бұрышында: Міндеттер.** Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағаннан, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету. | «Суретке қарайық» **ойыны**<br>**Міндеті:** Өлшемдері қарама – қарсы және бірдей заттарды салыстыру: Бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау. | **Ойын;** «Мазмұнды рөлдік ойындар»<br>**Міндеті:** Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негі-зінде ойын әрекетіне ынталандыру. Қағаз бетінде көлемі, түсі, пішіні бойынша әртүрлі дайын пішін-дерді белгілі реттілікпен орналастыру. | **«Менде доп жоқ»**<br>Мақсаты: достармен бөлісу керек деген моральдық қағиданың мағынасын ашу.<br>Балаларға сұрақ: «Бала неліктен көңілсіз?»<br>Жауаптарды тыңдау, барлық пікірлерді талқылау, | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | балалардың назарын суреттің мағынасына, кейіпкердің эмоционалды жағдайына аудару. Жалпы қорытынды: «жақсы достар әрқашан біреудің мұңайғанын байқайды. Неліктен бұл бала көңілсіз? Оған қалай көмектесуге болады? Олар әрқашан досымен бөліседі. Басқаға қуаныш сыйлағанда, өзің де қуанышты боласың!». **(адалдық әліппесі)** | |
| **Үйге қайту Өнегелі-15 минут** | Психолог кеңесі. "Көпшілік орындарында тәртіпті, мәдениетті балалар өздерін қалай ұстау керек?" | "Тез тамақтанудың зияны" тақырыбында кеңес. | "Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі" тақырыбында әкелермен әңгімелесу. | "Отбасымен серуендеу" тақырыбына көрме ұйымдастыру. | |

*Тексерілді, әдіскер*_____

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**
**Білім беру ұйымы:** «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы
**Тобы:** «Құлыншақ» ортаңғы топ
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2026 жыл мамыр айы, I- апта **«Бірлік және ынтымақ айы»**

| **Күн тәртібі** | ***Дүйсенбі 04.05.2026 ж.*** | ***Сейсенбі 05.05.2026 ж.*** | ***Сәрсенбі 06.05.2026 ж.*** | ***Бейсенбі 07.05.2026 ж. демалыс*** | ***Жұма 08.05.2026 ж.*** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Апта дәйексөзі:** | «Бірлік болмай тірлік болмас». | | | | |
| **Балаларды қабылдау** | **Өнегелі-15 минут**<br>**Біз – біргеміз**<br>**Мақсаты:** Балаларға «бірлік» ұғымын түсіндіру.<br>Шеңберге тұрып амандасу<br>«Бәріміз бірге не істей аламыз?» сұрағы<br>Қысқа әңгіме: бірге ойнау – қызық<br>Бірлік болса – бәрі жеңіл.<br>**Күй күмбірі** -балаларды қабылдау барысында үнемі күй қою, шығармашылық зерттеу іс әрекет дағдыларын дамыту. | **Өнегелі-15 минут**<br>**Достық деген не?**<br>**Мақсаты:** Достық туралы түсінік қалыптастыру<br>«Менің досым…» ойыны<br>Әр бала досы туралы 1 сөз айтады<br>Досыңды ренжітпе, көмектес.<br>**Күй күмбірі -**музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру. | **Өнегелі-15 минут**<br>**Көмектесу – жақсы қасиет**<br>**Мақсаты:**<br>Көмектесу әдетін қалыптастыру<br>«Кім көмектесті?» мысалдар<br>Күнделікті өмірден ситуация<br>Балалар өз тәжірибесін айтады<br>Көмек – мейірімділік белгісі<br>**Күй күмбірі -** музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, | | **Өнегелі-15 минут**<br>**Әртүрліміз – бірақ теңбіз**<br>**Мақсаты:** Әртүрлі адамдарды сыйлауға үйрету<br>Балалардың айырмашылықтарын айту (шаш, көз, тіл)<br>«Бәріміз бірдейміз бе?» сұрағы<br>Әртүрлі болсақ та – бәріміз доспыз.<br>**Күй күмбірі -**музыканы тыңдауға қызығушылықты қалыптастыру, музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау,ұлттық мәдениетті түсінуге, құрметтеуге, қызығушылығын артыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қызығушылғын артыру. | | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | **Балаға үлгі болыңыз**<br>Бала сіздің іс-әрекетіңізді қайталайды. Үйде бір-біріңізге жылы сөйлесіп, сыйластық көрсетіңіз. | **Достықты үйретіңіз**<br>Балаңыздан «бүгін кіммен ойнадың?» деп сұраңыз. Дос туралы жақсы сөз айтуға дағдыландырыңыз. | **Көмектесуге баулыңыз**<br>Үйде шағын тапсырма беріңіз (ойыншық жинау, дастарханға көмектесу). Еңбегін міндетті түрде мақтаңыз. | | **Әртүрлілікті қабылдау**<br>Балаға адамдардың әртүрлі болатынын түсіндіріңіз. Басқаларды мазақтамауға үйретіңіз. |
| **Балалардың дербесәрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **"От шашу".**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Балалардың шығармашылық қабілетін арттыру. Мерекеде от шашу болатынын түсіндіру.(сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) | **«Шығармашыл сарбаздар»**<br>Мақсаты: Ұсақ маториканы дамыту. Балалар түрлі материалдардан сарбаздарға қажетті, жеңіс күніе арналған заттар жасайды. | **«Сарбаздар сапқа тұр!»**<br>**Мақсаты:**<br>Ұйымшылдық, тәртіп<br>Өткізу: Балалар қатарға тұрып, тәрбиеші командаларын орындайды («Тік тұр!», «Оңға бұрыл!», «Алға жүр!»)<br>Нәтиже: Тәртіпке бағынады, зейіні артады1. «Сарбаздар сапқа тұр!»<br><br>Мақсаты: Ұйымшылдық, тәртіп | | **«Жеңіс символын тап»**<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Жеңіс күніне байланысты белгілерді тану. Тәрбиеші әр түрлі суреттерді көрсетеді (гүл, танк, көгершін, медаль, жалау, от) |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Өткізу: Балалар қатарға тұрып, тәрбиеші командаларын орындайды («Тік тұр!», «Оңға бұрыл!», «Алға жүр!»)<br>Нәтиже: Тәртіпке бағынады, зейіні артады. | | |
| **Таңертенгі жаттығу** | **Жалаушалармен**<br>Бір тізбекте жүру. Баяу жүгіру. Тізені жоғары көтере жүру. Екі қатарлы сапқа тұру.<br>Жалаушамен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары «Жалаушалар алда». Б.қ. аяқ сәл алшақ, қол төменде, қолда жалаушалар. Қолды алға созу, «төмен» деп айту,қолды төмен түсіру. 6 рет қайталау.<br>«Жан-жаққа иілу» Б.қ. аяқ сәл алшақ, жалаушалар жоғарыда. Оңға (солға) иілу, бастапқы | **Жалаушалармен**<br>Бір тізбекте жүру. Баяу жүгіру. Тізені жоғары көтере жүру. Екі қатарлы сапқа тұру.<br>Жалаушамен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары «Жалаушалар алда». Б.қ. аяқ сәл алшақ, қол төменде, қолда жалаушалар. Қолды алға созу, «төмен» деп айту,қолды төмен түсіру. 6 рет қайталау.<br>«Жан-жаққа иілу» Б.қ. аяқ сәл алшақ, жалаушалар жоғарыда. Оңға (солға) иілу, бастапқы | **Жалаушалармен**<br>Бір тізбекте жүру. Баяу жүгіру. Тізені жоғары көтере жүру. Екі қатарлы сапқа тұру.<br>Жалаушамен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары «Жалаушалар алда». Б.қ. аяқ сәл алшақ, қол төменде, қолда жалаушалар. Қолды алға созу, «төмен» деп айту,қолды төмен түсіру. 6 рет қайталау.<br>«Жан-жаққа иілу» Б.қ. аяқ сәл алшақ, | | **Жалаушалармен**<br>Бір тізбекте жүру. Баяу жүгіру. Тізені жоғары көтере жүру. Екі қатарлы сапқа тұру.<br>Жалаушамен орындалатын жалпы дамыту жаттығулары «Жалаушалар алда». Б.қ. аяқ сәл алшақ, қол төменде, қолда жалаушалар. Қолды алға созу, «төмен» деп айту,қолды төмен түсіру. 6 рет қайталау.<br>«Жан-жаққа иілу» Б.қ. аяқ сәл алшақ, жалаушалар жоғарыда. Оңға (солға) иілу, бастапқы |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қалыпқа оралу. 3 рет қайталау.<br>Отырып-тұру» Б.қ. аяқ сәл алшақ, жалаушалар алда.<br>Отыру, тұру. 5 рет қайталау.<br>«Жалаушалар екі жанда» Б.қ. аяқ сәл алшақ, жалаушалар төменде.<br>Жалаушаларды екі жанға созу, төмен түсіру. 5 рет қайталау.<br>Тыныс алу жаттығуы<br>**Т.Ф.Виноградова бойынша. «Шар»** - ерніңді жұмып, ұртыңды томпайту; жұдырықпен жайлап жұмылу, еріннен ауаны шығарады.<br>Менің Қазақстаным таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру. | қалыпқа оралу. 3 рет қайталау.<br>Отырып-тұру» Б.қ. аяқ сәл алшақ, жалаушалар алда.<br>Отыру, тұру. 5 рет қайталау.<br>«Жалаушалар екі жанда» Б.қ. аяқ сәл алшақ, жалаушалар төменде.<br>Жалаушаларды екі жанға созу, төмен түсіру. 5 рет қайталау.<br>Тыныс алу жаттығуы<br>**Т.Ф.Виноградова бойынша. «Шар»** - ерніңді жұмып, ұртыңды томпайту; жұдырықпен жайлап жұмылу, еріннен ауаны шығарады.<br>Менің Қазақстаным таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру. | жалаушалар жоғарыда. Оңға (солға) иілу, бастапқы қалыпқа оралу. 3 рет қайталау.<br>Отырып-тұру» Б.қ. аяқ сәл алшақ, жалаушалар алда.<br>Отыру, тұру. 5 рет қайталау.<br>«Жалаушалар екі жанда» Б.қ. аяқ сәл алшақ, жалаушалар төменде.<br>Жалаушаларды екі жанға созу, төмен түсіру. 5 рет қайталау.<br>Тыныс алу жаттығуы<br>**Т.Ф.Виноградова бойынша. «Шар»** - ерніңді жұмып, ұртыңды томпайту; жұдырықпен жайлап жұмылу, еріннен ауаны шығарады.<br>Менің Қазақстаным таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Әнұранды жаттауға | | қалыпқа оралу. 3 рет қайталау.<br>Отырып-тұру» Б.қ. аяқ сәл алшақ, жалаушалар алда.<br>Отыру, тұру. 5 рет қайталау.<br>«Жалаушалар екі жанда» Б.қ. аяқ сәл алшақ, жалаушалар төменде.<br>Жалаушаларды екі жанға созу, төмен түсіру. 5 рет қайталау.<br>Тыныс алу жаттығуы<br>**Т.Ф.Виноградова бойынша. «Шар»** - ерніңді жұмып, ұртыңды томпайту; жұдырықпен жайлап жұмылу, еріннен ауаны шығарады.<br>Менің Қазақстаным таңғы жаттығудан соң күнделікті қою, Әнұранды жаттауға мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | мүмкіндік жасау, патриоттық сезімдерін арттыру. | | |
| **Таңғы ас** | **Үнемді тұтыну Қолды жуу**<br>**Мақсаты**: Тазалыққа үйрету<br>Өткізу: Қол жуу тәртібін айту<br>Тақпақ:<br>Қолды жуам сабындап,<br>Тазалықты сақтаймын.<br>Таза қолмен ас ішіп,<br>Денсаулықты жақтаймын.. | **Үнемді тұтыну Дұрыс отыру**<br>**Мақсаты:** Үстелде дұрыс отыру<br>Өткізу: Түзу отыруды көрсету<br>Тақпақ:<br>Түзу отыр орнымда,<br>Асықпаймын тамақта.<br>Әдеп сақтап әрдайым,<br>Үлгі болам баршаға. | **Үнемді тұтыну Ас алдында бата**<br>**Мақсаты:** Асқа құрмет<br>Өткізу: Қысқа бата айту<br>Тақпақ:<br>Асымыз мол болсын,<br>Дастархан толсын.<br>Береке келсін,<br>Бәріміз тоқ болсын. | | **Үнемді тұтыну Асықпай жеу**<br>**Мақсаты:** Тамақты баяу жеу<br>Өткізу: Асықпай шайнау<br>Тақпақ:<br>Асықпаймын тамақта,<br>Жайлап шайнап жұтамын.<br>Тыныш отырып дастарханда,<br>Әдеппен ғана ас ішемін. |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық** | **«Түрлі - түсті гүлдер»**<br>**Ойынның мақсат-міндеттер:** дұрыс таңдау жасай білуді, құрдастарымен ынтымақтастықта жұмыс жасау қабілеттерін дамыту. | **«Адал достар»**<br>**Ойынның мақсаты:** ұжымда достық қарым-қатынасты қалыптастыру. | **Сурет салудан ойын-жаттығу "Әскери көлік"**<br>**Мақсат-міндеттер**. Балаларды көлденең сопақшаның үстіңгі жағына тиістіріп, ортасы жоғары көтерілген доғалы сызықты, дөңгелектің жартысын, салуда жаттықтыру, сопақшаның | | **«Кедергіден өт»**<br>**Мақсаты:** Ептілік, Жолақтан өту, еңбектеу, секіру<br>Нәтиже: Қимыл-қозғалыс дамиды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | үстінен, тиістіріп, көлемі бірдей бірнеше дөңгелектерді салып, әскери көлік нысанын салуға үйрету. | | |
| **Кестеге сай ұйымдастырылған іс-әрекет** | **Дене тәрбиесі "Ұлттар достығы". Мақсат-міндеттер:** Балаларда допты тәрбиешіден 1-1,5 метр арақашықтықта лақтыру техникаларын дамыту; бір аяқтан бір аяққа секіру, екі аяқпен секіру дағдыларын дамыту; қимыл белсенділігін дамыту мен үйлестіру. | **Дене тәрбиесі "Соғамын барабанымды". Мақсат-міндеттер:** Балаларды баяу (50-60сек.) қарқында жүгіруге үйрету; қимылды ойын арқылы гимнастикалық қабырға бойымен жоғары өрмелеу және одан төмен түсу дағдыларын дамтыу; оқу қызметін пысықтау. | **Дене тәрбиесі "Өрмелеу". Мақсат-міндеттер.** Балаларда нық қадаммен алға, нық қадаммен артқа жүру, тізені биікке көтере отырып жүру; баяу (50-60сек.) қарқында жүгіру дағдыларын дамыту; доғаның астымен өрмелеу(еңбектеу) іскерліктерін жетілдіру. **Музыка "Табиғаттың сәні-гүл". Мақсат-міндеттер.** Балаларды әнді тыңдау кезінде оның сипатын түсіне білу қабілеттеріне үйрету; жәй және | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | қатты шығатын дыбыстарды педагогпен бірге айта білу дағдыларын қалыптастыру; көңілді сипаттағы әнді айту кезінде сөзінің мазмұнына сай қолдарымен қарапайым қимылдарды жасай білуге үйрету. | | |
| **Серуенге дайындық** | **Еңбегі адал жас өрен, Киім таңдауды білу**<br>**Мақсаты:** Ауа райына сай киіну<br>Әңгіме: «Бүгін күн қандай?»<br>Тақпақ:<br>Күн суық па, жылы ма,<br>Соған қарай киінем.<br>Дұрыс таңдап киімім,<br>Ауырмаймын, күлем мен.<br>Ойын: «Не киеміз?» (тәрбиеші ауа райын айтады, балалар киім атайды)<br>Әрекет: Киімдерді салыстыру (қалың/жұқа) | **Еңбегі адал жас өрен, Киіну реттілігі**<br>**Мақсаты:** Киімді дұрыс ретпен кию<br>Тақпақ:<br>Алдымен бас киімім,<br>Сосын күрте киемін.<br>Аяқ киім соңында,<br>Дайын болып жүремін.<br>Ойын: «Дұрыс ретпен қой» (киім суреттерін реттеу)<br>Әрекет: Бірге ретімен киініп көру | **Еңбегі адал жас өрен, Өздігінен киіну**<br>**Мақсаты:** Өз бетімен киіну<br>Тақпақ:<br>Өзім кием киімді,<br>Ешкімге де жүгінбей.<br>Үлкен болып келемін,<br>Қолымнан бәрі келеді.<br>Ойын: «Кім тез?» (бірақ сапаға мән беру)<br>Әрекет: Әр бала өзі киінеді | | **Еңбегі адал жас өрен, Түйме, сыдырма**<br>**Мақсаты:** Ұсақ моторика<br>Тақпақ:<br>Түйме тағам жайменен,<br>Сыдырманы жабам мен.<br>Ұқыптымын әрқашан,<br>Әдемімін сондықтан.<br>Ойын: «Түйме тағу» жарысы<br>Әрекет: Киімде жаттығу |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | **№ 1 Аспан әлеміне бақылау жасау**.<br>Аспан әлеміндегі бұлт, күн, ай, жұлдыздар туралы әңгімелеу.<br>Көгілдір түстің біздің туымызбен бірдей екенін сезіну. Көктемгі көріністі байқау, бұлттың түсін, көлемін анықтау.<br>Үлескедегі еңбек: Ойын құралдарын тазалау.<br>Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Ұқыптылыққа баулу, өз заттарын таза ұстауға үйрету.<br>Қимылды ойын: «кім бірінші жетеді», «Ине мен жіп».<br>Мақсаты: тапқырлыққа, жылдамдыққа, бірлесіп ойнауға үйрету, ептілікке баулу.<br>Жеке жұмыс: Сан таңбаларын қайталау.<br>Үлкен санға дейін санау таңбасын таба білуге үйрету.<br>Өзіндік іс – әрекет: Бұлттардың қалай қозғалатынын байқау. | **№ 2 Күнді бақылау.**<br>Балаларға күннің қызуын бақылай отырып, сипаттай білу.<br>Күнім – ау, күнім- ау<br>Тұрасың күліп – ау<br>Жылуың шашырап.<br>Үлескедегі еңбек: Ауланы жинау.<br>Балаларды айналаны таза ұстауға, тазалықты сүйе білуге үйрету.<br>Қимылды ойын: «Соқыр теке»<br>Мақсаты: балалардың тілін дамыту, ептілікке баулу.<br>Жеке жұмыс: Тіл ұстарту.<br>Ауыл маңын араларда<br>Мысық көрсе анық танып,<br>Дабыл қағар қара қарға<br>Қар – рық<br>Қар – рық, қар – рық...<br>Өзіндік іс – әрекеті: күн туралы тақпақтар жаттату. | **№3 Көктемгі алғашқы гүлдерді бақылау.**<br>Бар табиғат нәр алып,<br>Шыға келер жаңарып<br>Қызғалдақ боп құлпырған<br>Көктем біздің балалық.<br>Үлескедегі еңбек: Үлескедегі бассейн орнын тазалау.<br>Еңбектенуге талпындыру.<br>Қимылды ойын: «Қаздар – қаздар», «Торғайлар мен машина»<br>Жеке жұмыс: Тақпақтар айту.<br>Сылдыр – сылдыр<br>тап – таза<br>Мөлдір бұлақ<br>басталды.<br>Өзіндік іс – әрекет: ағаштардың бүршік жарғанын тамашалау. | | **№ 4 Ағаштарды бақылау.**<br>**Мақсаты:** Өсіп тұрған ағаштарды бақылап, олардың бір – бірінен айырмашылығын байқау. Әдемілігін сезіну.<br>Қимылды ойын: «Ағашты тап», «Аталған ағашқа кім бірінші барады»<br>Мақсаты: Тапқырлыққа, жылдамдыққа, кеңістікті бағдарлауға үйрету.<br>Еңбек: Әр түрлі ағаш бұтақтарын, жапырақтарын жинау.<br>Мақсаты: Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.<br>Ұқыптылыққа баулу, өз аулаларын таза ұстауға үйрету.<br>Ізденімпаздыққа үйрету.<br>Жеке жұмыс: 3 – 4 балаға биік – аласа, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | жуан – жіңішке, үлкен – кіші ұғымын ағаштар бойынша тапқызу.<br>Мақсаты: Ретімен санау және салыстыруға үйрету.<br>Дербес ойындар: Құммен ойын.<br>Мақсаты: Бір – бірімен келісіп, тату ойнауға баулу. |
| **Серуеннен оралу** | **Үнемді тұтыну**<br>**Саппен қайт**<br>**Мақсаты:**<br>Ұйымшылдық<br>Тақпақ:<br>Қатар-қатар жүреміз,<br>Тыныштықты сүйеміз.<br>Тәртіппенен топқа біз,<br>Әдемі боп кіреміз.<br>Ойын: «Қатарды бұзба»<br>Әрекет: Саппен кіруді жаттықтыру | **Үнемді тұтыну**<br>**Киімді ретімен шешу**<br>**Мақсаты:** Киім реттілігін сақтау<br>Тақпақ:<br>Күртемді мен шешемін,<br>Бас киімді аламын.<br>Рет-ретімен бәрін де,<br>Ұқыптылық табамын.<br>Ойын: «Дұрыс рет»<br>Әрекет: Киімді ретімен шешу | **Үнемді тұтыну**<br>**Киімді орнына қою**<br>**Мақсаты:**<br>Ұқыптылық<br>Тақпақ:<br>Киімімді бүктеймін,<br>Орнына мен қоямын.<br>Таза, жинақ әрдайым,<br>Ұқыпты боп жүремін.<br>Ойын: «Кім дұрыс қояды?»<br>Әрекет: Шкафқа дұрыс орналастыру | | **Үнемді тұтыну**<br>**Қол жуу**<br>**Мақсаты:** Тазалық<br>Тақпақ:<br>Қолды жуам сабындап,<br>Микробтарды қашырам.<br>Таза болып әрдайым,<br>Денсаулықты сақтайм.<br>Ойын: «Қалай жуамыз?»<br>Әрекет: Қол жуу кезеңдерін көрсету. |
| **Түскі ас** | **Үнемді тұтыну**<br>**Қолды жуу**<br>**Мақсаты**: Тазалыққа | **Үнемді тұтыну**<br>**Дұрыс отыру**<br>**Мақсаты:** Үстелде | **Үнемді тұтыну Ас алдында бата**<br>**Мақсаты:** Асқа | | **Үнемді тұтыну**<br>**Асықпай жеу**<br>**Мақсаты:** Тамақты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету<br>Өткізу: Қол жуу тәртібін айту<br>Тақпақ:<br>Қолды жуам сабындап,<br>Тазалықты сақтаймын.<br>Таза қолмен ас ішіп,<br>Денсаулықты жақтаймын.. | дұрыс отыру<br>Өткізу: Түзу отыруды көрсету<br>Тақпақ:<br>Түзу отыр орнымда,<br>Асықпаймын тамақта.<br>Әдеп сақтап әрдайым,<br>Үлгі болам баршаға. | құрмет<br>Өткізу: Қысқа бата айту<br>Тақпақ:<br>Асымыз мол болсын,<br>Дастархан толсын.<br>Береке келсін,<br>Бәріміз тоқ болсын. | | баяу жеу<br>Өткізу: Асықпай шайнау<br>Тақпақ:<br>Асықпаймын тамақта,<br>Жайлап шайнап жұтамын.<br>Тыныш отырып дастарханда,<br>Әдеппен ғана ас ішемін. |
| **Күндізгі ұйқы** | **Еңбегі адал жас өрен,**<br>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. (музыка) | **Еңбегі адал жас өрен,**<br>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін ертегі тыңдайды. «Кірпі мен қоян» (көркем әдебиет) | **Еңбегі адал жас өрен,**<br>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды.<br>(музыка) | | **Еңбегі адал жас өрен,**<br>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді.<br>Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдайды. (музыка) |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту, Сауықтыру шаралары** | **Ояну**<br>Балалар тұрайық,<br>Көзімізді ашайық.<br>Бір-бірімізге қарап,<br>Күлімдеп бір алайық.<br>(1 мин)<br>**«Тасбақа»**<br>**Орындалуы:** Төсекте ішімен жатып, қол екі жаққа созып, аяқтарын екі жаққа | **Ояну**<br>Балалар ұйқыдан оянды,<br>Көздерін жұмып ашады.<br>Жаттығу жасап алады.<br>Көңілденіп қалады.<br>**«Көпір»**<br>Орындалуы: Төсекте арқамен жатып, баспен аяққа тіреліп, | **Ояну**<br>Кел көкетай тұра ғой.<br>Жаттығулар жасай ,ғой.<br>Жаттығулар пайдалы.<br>Оны әркез байқай ғой.<br>Төсекте жатып жасайтын | | **Ояну**<br>Балалар тұрайық,<br>Көзімізді ашайық.<br>Бір-бірімізге қарап,<br>Күлімдеп бір алайық.<br>(1 мин)<br>**«Тасбақа»**<br>**Орындалуы:** Төсекте ішімен жатып, қол екі жаққа созып, аяқтарын екі жаққа |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | созу (1-2 рет). | кеудені көтеру. | жаттығулар( 2-3 минут)<br>**Мысықтар**<br>Мысықтар оң жаққа қарап ұйықтап жатыр, ұйқы сұрап мияулап жатыр көздерін жұмып мяу, мяу, мяу.<br>Көзімізді ашып арқаға жатып тырнағымен тырналанып жатыр.<br>Төртаяқтап тұрып мойынымызды жоғары созып мияулаймыз мяу мяу мяу.<br>Отырып башпайларымызды уқалаймыз, аяғымызды сипаймыз. | | созу (1-2 рет). |
| **Бесін ас** | **Үнемді тұтыну**<br>**Қолды жуу**<br>**Мақсаты**: Тазалыққа үйрету<br>Өткізу: Қол жуу тәртібін айту<br>Тақпақ:<br>Қолды жуам сабындап, | **Үнемді тұтыну**<br>**Дұрыс отыру**<br>**Мақсаты:** Үстелде дұрыс отыру<br>Өткізу: Түзу отыруды көрсету<br>Тақпақ:<br>Түзу отыр орнымда, Асықпаймын тамақта. | **Үнемді тұтыну Ас алдында бата**<br>**Мақсаты:** Асқа құрмет<br>Өткізу: Қысқа бата айту<br>Тақпақ:<br>Асымыз мол болсын, | | **Үнемді тұтыну**<br>**Асықпай жеу**<br>**Мақсаты:** Тамақты баяу жеу<br>Өткізу: Асықпай шайнау<br>Тақпақ:<br>Асықпаймын тамақта, Жайлап шайнап |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Тазалықты сақтаймын.<br>Таза қолмен ас ішіп,<br>Денсаулықты жақтаймын.. | Әдеп сақтап әрдайым,<br>Үлгі болам баршаға. | Дастархан толсын.<br>Береке келсін,<br>Бәріміз тоқ болсын. | | жұтамын.<br>Тыныш отырып дастарханда,<br>Әдеппен ғана ас ішемін. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстелүсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Музыкадан ойын-жаттығу**<br>"Жеңіс күнін тойлаймыз".<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Балаларды ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; аяқ қимылдарын жасауда аяқты өкшемен және ұшына қоюға үйрету. | **Қоршаған әлеммен таныстырудан ойын-жаттығу**<br>"Әскер".<br>**Мақсат-міндеттер.**<br>Балаларды Қазақстанның Қарулы Күштері жайлы мәліметтермен таныстыра отырып, Қазақстан әскері туралы түсініктерін кеңейту; табиғаттың әсемдігін сезіне білу қабілетін қалыптастыру; балаларға өз Отанының қауіпсіздігі мен болашағы үшін қорған болу әрбір азаматтың саналы түрдегі жауапкершілігі екендігін ұғындыру; Ұлы Отан соғысы, Жеңіс күні және Отан қорғаушылар күні | **"Әскер киімін ажырат" дидактикалық ойыны.**<br>Педагог балалардың назарын өзіне аударып:<br>- Балалар, біз бүгін екі мереке туралы ақпарат білдік. Соған байланысты "Әскер киімін ажырат" деп аталатын дидактикалық ойын ойнаймыз.<br>- Ойынның шартын айтайын. Екі топқа бөлініп, еденде жатқан суреттерден жауынгер киімдерін музыка аяқталғанша ажыратып, тауып үлгересіңдер. Осылайша педагог | | **«Адалдық шеңбері»**<br>Ойынның мақсаты: балаларды адалдыққа тәрбиелеу, зейінді дамыту.<br>Педагог балаларды екі командаға бөледі. Бір команданың қатысушылары қолдарынан ұстап, «адалдық шеңберін» құра отырып, қолдарын жоғары көтереді. Екінші команданың мүшелері бірінің артынан бірі сапқа тұрып, көңілді музыкамен «адалдық шеңберінің» ішіне кіріп, шығады.<br>**(адалдық әліппесі)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | туралы түсініктерін қалыптастыру; бейбітшілік қорғаны мазмұнының мәнін түсіндіру. | ойын барысында балалардың іс-әрекетін қадағалай отырып, жақсы ойнаған топтың балаларына бейбітшілік көгершіні бейнеленген таңбалауыштарды үлестіреді. **(қоршаған әлеммен таныстыру)** | | |
| **Балалармен жеке жұмыс ертегісінің суретін қарау,** | **«Шар» саусақ гимнастикасы.**<br>(Саусақтарымыз құлыпта тұрады)<br>Шар үрлейміз тезірек.<br>(Саусақтардың бас жағын бір-біріне қосамыз)<br>Ол үлкен болады.<br>(Алақанымызды да бір-біріне қосамыз)<br>Ауа шықты, шар жарылды —<br>Шар жіп-жіңішке болды!<br>(Алақанымызды ашамыз) | **Ритмикалық жаттығу**<br>Мереке күні шар үрлеп (сап түзеп, бір орында жүру),<br>Шығамыз ұстап көшеге (қолдарды жоғары сермеу).<br>Шапалақтап, айналып (шапалақтау, айналу),<br>Былай-былай би билеп (бас пен денені оңға-солға шайқау).<br>Қимылдарды ырғақты, темпі орташа көңілді әуені жазбасына сай орындау.<br>**(тіл дамыту мен көркем әдебиет, дене** | **"Бейбітшілік қорғанында" тақырыбында суреттер қарастыру.**<br>Сұрақтар қою.<br>Педагог балалардан сұраққа толық жауапты талап етеді.<br>**(тіл дамыту мен көркем әдебиет, қазақ тілі, қоршаған әлеммен таныстыру)** | | **«Жалауды жеткіз»**<br>**Мақсаты:**<br>Жылдамдық, топтық жұмыс<br>Өткізу: Балалар жалауды бір-біріне жеткізеді<br>Нәтиже: Бірлік пен жауапкершілік қалыптасады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **тәрбиесі)** | | | |
| **Серуенге дайындық** | **Еңбегі адал жас өрен, Киім таңдауды білу**<br>**Мақсаты:** Ауа райына сай киіну<br>Әңгіме: «Бүгін күн қандай?»<br>Тақпақ:<br>Күн суық па, жылы ма,<br>Соған қарай киінем.<br>Дұрыс таңдап киімім,<br>Ауырмаймын, күлем мен.<br>Ойын: «Не киеміз?» (тәрбиеші ауа райын айтады, балалар киім атайды)<br>Әрекет: Киімдерді салыстыру (қалың/жұқа) | **Еңбегі адал жас өрен, Киіну реттілігі**<br>**Мақсаты:** Киімді дұрыс ретпен кию<br>Тақпақ:<br>Алдымен бас киімім,<br>Сосын күрте киемін.<br>Аяқ киім соңында,<br>Дайын болып жүремін.<br>Ойын: «Дұрыс ретпен қой» (киім суреттерін реттеу)<br>Әрекет: Бірге ретімен киініп көру | **Еңбегі адал жас өрен, Өздігінен киіну**<br>**Мақсаты:** Өз бетімен киіну<br>Тақпақ:<br>Өзім кием киімді,<br>Ешкімге де жүгінбей.<br>Үлкен болып келемін,<br>Қолымнан бәрі келеді.<br>Ойын: «Кім тез?» (бірақ сапаға мән беру)<br>Әрекет: Әр бала өзі киінеді | | **Еңбегі адал жас өрен, Түйме, сыдырма**<br>**Мақсаты:** Ұсақ моторика<br>Тақпақ:<br>Түйме тағам жайменен,<br>Сыдырманы жабам мен.<br>Ұқыптымын әрқашан,<br>Әдемімін сондықтан.<br>Ойын: «Түйме тағу» жарысы<br>Әрекет: Киімде жаттығу |
| **Серуен, Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды, қимыл-қозғалысты ойындар және тағы басқа әрекеттер), серуеннен оралу** | **"Соқыр теке" қазақтың ұлттық ойыны.**<br>Мақсат-міндеттер: балаларды ойын ережелерін сақтауға үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу, бір-бірлеріне кедергі жасамау, дабылға жылдам назар аудару. | **Қимылды ойын. Мысық пен тышқан**<br>«Мысық» пен «Тышқанды» таңдап алады. Қалған балалар қол ұстасып шеңбер құрайды. Ойыншылар тышқан келгенде қолдарын көтереді де, тышқанды шеңбердің ішіне кіргізеді, мысық келгенде қолдарын түсіріп, оны шеңбердің ішіне кіргізбейді. Мысық тышқанды қуып жетіп, қолға түсіруге | **Ұлттық ойын. Білектесу.**<br>Бір столдың шетіне қарама-қарсы отырған екі бала оң қолдарының шынтағын столға тіреп қояды да, бірінің қолын бірі алақандастыра мықтап ұстайды. Сол жақтағы қолдарын әркім өзінің оң жақ қолтығына тығып | | **Қарым- қатынас іс –әрекеті, танымдық іс-әрекет**<br>**Қимылды ойын:**<br>«Кім жылдам»<br>Мақсаты: Түрлі-түсті стакандардан биік ғимарат құрастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | тырысады. Тышқан қолға түскеннен кейін, олардың орнына басқа балалар сайланады. **(дене тәрбиесі).** | алады. Осылай ұстасып алған екі палуан бала, ойын бастаушы команда берісімен, шынтақтарын сол орнынан қозғамай, қарсыласының тіреулі қолын шалқасынан түсіруге ұмтылады. | | |
| **Серуеннен оралу** | **Үнемді тұтыну Саппен қайт**<br>**Мақсаты:**<br>Ұйымшылдық<br>Тақпақ:<br>Қатар-қатар жүреміз,<br>Тыныштықты сүйеміз.<br>Тәртіппенен топқа біз,<br>Әдемі боп кіреміз.<br>Ойын: «Қатарды бұзба»<br>Әрекет: Саппен кіруді жаттықтыру | **Үнемді тұтыну Киімді ретімен шешу**<br>**Мақсаты:** Киім реттілігін сақтау<br>Тақпақ:<br>Күртемді мен шешемін,<br>Бас киімді аламын.<br>Рет-ретімен бәрін де,<br>Ұқыптылық табамын.<br>Ойын: «Дұрыс рет»<br>Әрекет: Киімді ретімен шешу | **Үнемді тұтыну Киімді орнына қою**<br>**Мақсаты:**<br>Ұқыптылық<br>Тақпақ:<br>Киімімді бүктеймін,<br>Орнына мен қоямын.<br>Таза, жинақ әрдайым,<br>Ұқыпты боп жүремін.<br>Ойын: «Кім дұрыс қояды?»<br>Әрекет: Шкафқа дұрыс орналастыру | | **Үнемді тұтыну Қол жуу**<br>**Мақсаты:** Тазалық<br>Тақпақ:<br>Қолды жуам сабындап,<br>Микробтарды қашырам.<br>Таза болып әрдайым,<br>Денсаулықты сақтайм.<br>Ойын: «Қалай жуамыз?»<br>Әрекет: Қол жуу кезеңдерін көрсету. |
| **Балалардың дербес іс-әрекеті (қимылдық, ұлттық, сюжетті-** | **"Өзара айырмашылығын тап" дидактикалық ойыны.** | **Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар.** (құрастыру) | **«Әдепті сөздер шеңбері»**<br>Ойынның мақсаты: сыпайы қарым- | | **«Жауынгерді құтқар»**<br>**Мақсаты:** Қамқорлық, батылдық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **рөлдік, үстел үсті-баспа және басқа ойындар), бейнелеу іс-әрекеті, кітап қарау және басқалары)** | Мақсаты: суреттерді салыстыра отырып, айырмашылықтарын тапқызу; сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, ойлау қабілетін жетілдіру. | Міндеттер. Балалардың құрастыруға қызығушылығын арттыру, конструкторлардың түрлерімен таныстыру. | қатынас жасауға үйрету, зейінділікке, мейірімділікке баулу. Балалар шеңберге тұрады, бір-біріне ойыншықты бере отырып, әдепті сөздер айтады.<br><br>**(адалдық әліппесі).** | | Өткізу: Бір бала «жаралы», екіншісі оны жетектеп әкеледі<br>Нәтиже: Бір-біріне көмектесуді үйренеді |
| **Үйге қайту Өнегелі-15 минут** | "Тез тамақтанудың зияны" тақырыбында кеңес. | "Бала тәрбиесіндегі әкенің рөлі" тақырыбында әкелермен әңгімелесу. | "Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?" тақырыптарында әңгіме жүргізу. | | Балалардың демалысын ұйымдастыру. |

*Тексерілді, әдіскер*_____

**ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ**
**Білім беру ұйымы:** «Алтын Самұрық» бөбекжай-балабақшасы
**Тобы:** «Құлыншақ» ортаңғы топ
**Балалардың жасы:** 3 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 2026жыл мамыр айы, II- апта **«Бірлік және ынтымақ айы»**

| **Күн тәртібі** | ***Дүйсенбі 11.05.2026 ж. демалыс*** | ***Сейсенбі 12.05.2026 ж.*** | ***Сәрсенбі 13.05.2026 ж.*** | ***Бейсенбі 14.05.2026 ж.*** | ***Жұма 15.05.2026 ж.*** |
